



Құрылтайшы және
шығарушы:
«Қазақ газеттері»
Жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директордың
міндетін атқарушы
Ләззәт
НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор
Қуандық Түменбай

Бас редактордың
орынбасары –
жауапты хатшы
Жарас Сәрсек

Бөлім меңгерушісі
Нұрлан Құмар

Редакция алқасының
мүшелері:

Өмірәлі Жалайри
Арман Қырықбаев
Мереке Құлкенов
Сағатбек Медеубекұлы
Динар Нөкетаева
Нұрлан Оразалин
Бектұр Төлеуғалиев

Техникалық редактор
Жұмағазы Омарұлы



Рухани жаңғыруға орай

Деңгелбай
ТӨЛЕБАЕВ

Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университеттің Дене
шынықтыру және спорт
кафедрасының аға
оқытушысы



Ең қымбат қазына – адам

Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: ұлттық жаңғыру» атты мақаласында санамыздың ісімізден озық жүруінің маңыздылығын атап, жүйелі түрде талдап көрсетті. Қазіргі таңда қоғамдық сананы жаңарту мәселелерімен шұғылданду үшін арнайы құрылған ұлттық комиссия алда тұрған міндеттерді нақтылап, жүйелі жоспар құруға кірісіп кеткені белгілі. Айтылып жатқан ұсыныстар мен пікірлер, бәлкім, біздің де айтпағымыз, сонда жинақталып, қорытылу кезінде кәдеге асар.

Елімізде қызу талқыға түскен мақалада атап көрсетілгендей, «... ұлттық сана, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды...». Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам. Адамның құндылығы – өмірі және денсаулығы.

Қоғамдық сананы жаңарту үрдістерін жастар өз қолына алу керек деп ойлаймын. Жастарға көбірек спорткешендер керек. Бүгін біздің қалада кафе, ресторандар көп оған қарағанда. Көбісі қалай денсаулықтарын сақтауды білмейді. Оған ой мәдениеті, дене шынықтыру мәдениеті,



санасы қажет. Қазақ халқы: денсаулық – зор байлық деп бекер айтпаған. Өз денсаулықтарын күту үшін жастарымыздың санасын жаңғырту керек, сонан соң, ұлттық тәрбиені қолға алу керек. Ұлтымыздың салт-дәстүрін, ой тәрбиесі ұстанымын басқа ұлттарға алаңдамай, нақты жүйеде жүзеге асыруға болады. Өткен ғасырларда ата-бабаларымыз баланың сана-сезіміне, тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазіргі уақытта заманға сай ой қабілеті өзгеруі қажет.

Жастарға жұманың қасиеттілігін, орыстардың «пятница» еместігін түсіндіруіміз қажет деп ойлаймын. Ұлттық рухани сана-сезімдерін жаңартудың маңызы зор.

Бүгінгі жастарға түрлі қолдаулар білдіре отырып, оларға денсаулық сақтау, ойлау қабілеттерін, сана-сезімдерін әсемдікке, ұлттық тәрбиеге сусындата отырып, барынша жағдайлар жасалуы тиіс. Ол біздің қаланың, қоғамдық мекемелердің басшыларына байланысты болып тұр. Сол азаматтарда өз ұлттық саналарын жаңғырта отырып жастарға қолдау көрсетсе артық болмас деп ойлаймын. Әр адамның құндылығын, қоғам құндылығы деп түсінуі тиіс. Ұлттың дамуына кедерге жасамай, ұмытылған ұлттық құндылықтарымыздың жүйесін сақтай білуіміз керек. Уақыт ағымы өзгерсе де, адам болмысы мен ұлттық құндылықтар өзгермеуі тиіс.



• Айтулылар айтқан сөз

Біреулер әрбір жазылған кітаппен мақтанады, ал мен кез келген оқылған кітаппен мақтанамын.

Борхес



Айкерім ҚИЫҚБАЙ

1993 жылы Ақтөбе облысында туған. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің түлегі. Бүгінде Семей қаласында тұрады. Проза саласында қалам тербеп жүрген талантты жастардың бірі.



МЕНИҢ ҚҰРБЫЛАРЫМ

АЙНҰР

Бала кезімде, тәтті ұйқының құшағында жатқанда әжемнің дауысы менің ертегі түстерімнің арасынан естіліп жататын. «Құлыншак, таң атты, қорадағы қиқар қораз Керім тұрсын деп жатыр»—дейтін. Тұруым қиындап кетсе «Айнұр келді, сенімен ойнаймын дейді»—деген әжемнің бір ауыз сөзінен ұйқымды лезде ашып алатынмын. Шіркін, сол сәттер қайта оралар ма...

Мен Айнұрмен балалық шағымда таныстым. Ол кезде біз Ақтөбенің «Сазды» деген шағын ауданында тұратынбыз. Біздің көшеде аш ішектей шұбатылған ұзы-ы-н жол болатын да, сол жолдың оң жақ бетінде тоғыз қабатты

биік үй көшенің сол жақ бетіндегі біздің үймен қатар тұрған жер үйлерге тұмсығын шүйіріп, төбесінен қарап тұратын.

Түскі уақытта күн тас төбеге шығып алып, күйдіріп тұрған кезде әжем ылғи мені үйге қуатын. «Басына күн өтеді, ауырып қаласың!» – дейтін. Ал менің кері кеткендей дәл сол уақытта кіре қойғым жоқ еді.

Жаз. Шілде айы еді. Бір тұтам бойымның қай жерінде жүргенін қайдам, бір қырсық айналдырып, мен тағы да жападан-жалғыз шыжыған күнде балықтай қақталып, сыры қашқан көк қақпалы жер үйдің есік алдындағы кара балонның үстінде отырдым. Балон үсті ыстық. Ол балонды атам екеуміз арғы көшедегі коқыс арасынан тауып алғанбыз. Атам оны әдейі Самига кемпір мен біздің үйдің қақ ортасына қойды. Балон жанына тізбектеп бірнеше



ағаш та тастады. Неге екенін қайдам, атам сол Самиғаны жек көретін. Атамның ойынша Самиға кемпір осы кедергілер арқасында біздің үйге келмейтін болады. Бірақ оны елеп жатқан ол жоқ, бәрібір күніне кемінде бір рет қарасын көрсетіп кетеді. Келген сайын «Әлгі бәлелеріңді неменеге шұбыртып тастағансыңдар, адамның аяғына оралтып» – деп күңкілдейтін. Оның тұшымды әңгімесі де жоқ, келе қалса болды өзінің ауыратын әрбір мүшесін санап, одан қалды саусағына таққан сансыз сақиналарымен мақтанатын. Мұндай кездері атам қолын бір сілтеп, сыртқа шығып кететін.

Әжем мені шақыра-шақыра жалықты ма, әлде өзі де бір шаруа тауып алып, аулада күйбеңдеп жүрме, әйтеуір шықпады. Күнде бірге ойнайтын балалардың барлығы жоқ. Әбден зерігіп отырғам, бір уақытта аспаннан түскендей тоғыз қабатты үй жақтан бір кішкене қыз маған қарай жүгіріп келді. Оны бұрын соңды көргенім жоқ болатын. Күндегі қаланың балаларынан бөлектеу, үстіне алқызыл гүлдердің суреті бар аппақ көйлек киген, шашы ұзын, өзі қара қыз екен. Оның осы қаралығынан ақ ауылдың күніне күйгені көрініп тұр. Себебі қаланың баласы бәрібір қоңырқайланып қана тұрады. Жаныма жетіп келді де тостағандай көздерімен бір қарап алды да:

– Сәлем! Менің есімім Айнұр!–деді.

Мен өз есімімді айттым. Айнұрдың отбасы жуық арада ғана біздің көшеге көшіп келіпті. Жалғызсырап отырғанымда досымның табыла кеткеніне қатты қуандым. Айнұрдың жасы да биыл алтыға келеді екен. Демек, екеуміз түйдей құрдас болып шықтық. Айтар әңгімеміз, ойнар ойынымыздың барлығы бір-біріне сай болып, екеуміз сол күннен бастап айнымас дос болып алдық. Мен әжеме өзімнің жаңа досымды таныстырдым. Әжемнің мейірімі шексіз ғой шіркін, ол оны өз немересіндей айналып-толғанып, келген сайын сандығына тыққан тәттілерді енді Айнұр екеумізге тең бөліп беретін болды.

Күн артынан күн еріп, таң қылаңдап

атқан сәттен қас қарайғанша Айнұр екеуміздің жұбымыз жазылмайтын болды. Атам тауып әкелген қара балон Самиғаның аяғына тұсау болмаса да, біздің көп ойынымыздың дәнекеріне айналып кетті. Қос үйдің қақ ортасына қонжиа қалған ол бірде дүкен сәресі, бірде ат, бірде тағы бір қиялдан құралған ойынымыздың жабдығы бола беретін. Сондай күндері Самиға кемпір терезесінен мойнын қылтитып созып бізге бір қарап қоятын. Кейде қақпасынан шығып, бізге естілер-естілмес бір нәрселерді күңкілдеп айтып, өзінше кейіп жүретін. Сол күні ол өзінен өзі ашуға булығып, шәңкілдеп қоя берді. Ұрысқан кезде дауысы сондай жағымсыз болып кететіні бар.

– Әй, ойында бастарың қалғыр немелер! Шу-шу етпей кетіндер әрі-і-і! О нес-әй?! Әй, сен Нәзипаның қызы, – деп ол мені шақырды.

– Қайтесің ол мылқаудың баласын? Онымен ойнама, әке-шешесінен бәле болар, олар жаман, кекшіл болады! Қарашы оны, әке-шешесі бір ауыз сөз айту білмейді, ал мынаның тілі сайрап тұр!

Самиға кемпір солай деді де, үйіне кіріп кетті.

– Нені айтып тұр?-дедім мен Айнұрдың жүзіне сұраулы жүзіммен қадалып.

– Білмеймін,-деді Айнұр. Бірақ оның сол кездегі үні дірілдеп шыққан болатын. Айнұрдың жүзіне қарасам жанарынан бір тамшы жас сырғып барады екен. Оны қолыммен сүртіп тастадым да:

– Жылама, оның сөзін елемеу керек, атам солай дейді– дедім өзімше үлкендерше сөйлеген болып. Ол үнсіз қалды. Содан кейін үйіне қайтып кетті. Ертеңінде мен Айнұрды әкесімен бірге кетіп бара жатқандарын көрдім. Жүгіре жетпекші болып едім, олардың маған таныс емес бір әрекеттері мені кілт тоқтатты. Олар әлдебір қимылдармен қолдарын кезек-кезек ербеңдетіп, арасында үнсіз ғана жымылып, сөйлесіп келеді екен. Бұрын теледидардан жаңалықтар көрсеткен кезде экранның бір



бұрышында осылар секілді сөйлейтін бір апай отыратыны есіме түсті. Мен әкемнен –«Ол не істеп отыр?» деп сұрағанымда –Жарымжан адамдарға арналған «сурдо аудармашы» -деді әкем. Оның сол кезде мағынасын түсінбесем де, түсінген болып кете барып едім, ал бүгін менің санам алғаш рет мына өмірде мүлде сөйлей алмайтын адамдардың өмір сүретінін, олардың ештеңе естімейтінін ұқты. Олар маған өзге ғаламшардан келген адамдар секілді елестеді. Ал Айнұрды ондай ата-анаға алғашында кимадым. Ол өте зерек, ақылды қыз ғой.

Кейінгі уақытта Айнұрмен ойнап жүрген кезде ата-анасы туралы мүлдем сөз қозғалмады. Бәз баяғы қалпымызда араласып жүре бердік. Тек бір күні ойнап отырғанымызда Айнұрдың аяғына байқаусызда шеге кіріп кетті. Шыңғырып жылап жіберген ол алыстан әкесін көріп қалды. Мен Айнұрды қолтығынан демеп, екеуіміз оның әкесіне қарай жүрдік. Ол бізді байқар емес. Айқайлайық десек естімейді. Айнұр жүре алатын емес. Аяғы қанап барады. «Досың соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр» демейтін бе еді, мен де Айнұрға ілесіп ақсаңдап келемін. Ұзақ жүрдік пе, әлде аз ба білмеймін, бір кезде ашуға булыққан Айнұр қолына үлкен тас алып әкесіне қарай лақтырып қалды. Тас әкесінің арқасына тиді. Оқыстан тиген соққыдан шошып кеткен әкесі артына жалт қарады. Аяғы ақсаңдап келе жатқан қызын көріп жанына асыға жетті. Бірақ Айнұр оның қолын қағып жіберіп аяғының әбден қансырап, ауырып келетініне де қарамай үйіне қарай өзі жалғыз кете барды. Сол кезде оның жанын аяғына кірген шегеден гөрі әкесінің дәрменсіздігі қаттырақ ауыртып еді.

Сол күннен кейін Айнұр ұзақ уақыт ойнауға шықпады. Досымның жағдайын білмекші болып өзім іздеп бардым. Екінші қабатқа көтеріліп, Айнұр тұратын ақ есікті ақырын қағып көрдім. Ұзақ жауап болмады. Тағы да қақтым. Сол кезде бір аққұбаша әйел есік ашты. Құлағына бір нәрсе жабысып тұр. Онысы бір жанып, бір сөніп тұр. Сірә анасы, ал

анау құлақ аппараты шығар.

– Айнұрға келгем,-дедім. Ол «естімедім» дегендей ишарат жасады.

Енді қалай түсіндірсем екен деп қиналып қалдым. Содан бір кезде ойыма сарт ете қалды, Айнұрдың оң қолында үлкен қалы бар болатын, сол қалдың орнын көрсеттім. Анасы ұға қойды. Мені үйге кіргізді. Айнұрдың аяғы жазылып қалыпты. Жарасын орап қойыпты. Мені көріп ол да қуанып қалды. Сол күннен кейін мен олардың үйлеріне жиі барып тұратын болдым. Самиға апа айтқандай емес, оның әке-шешесі өте мейірбан жандар болып шықты. Атамның «Самиғаның қырық өтірігінің бірі» дейтіні бартын, бұл да сол көп өтіріктің бірі болды.

Жаз бітуге қараған кез. Биыл мен мектепке барамын. Әжем екеуіміз сол үшін базаршылап шыққан болатынбыз. Кенеттен мен өзіме таныс алқызыл көйлек киген кішкене қызды көріп қалдым. Жазбай таныдым, Айнұр!

Әжем де таныса керек, Айнұрдан бөлек оның жанында кетіп бара жатқан ата-анасына ұмтылды. Мен әжеме әлдене айтпақшы болып тырысқам, бірақ болмады.

– Ой, айналайын балам, мынау сенің әкешешен бе? Өздерің қай жерден көшіп келіп едіңдер? Мына Айнұр біздің қызбен жақсы ойнайды, өте тәрбиелі бала, сол баланың әкешешесін бір көрсем деп жүргем, –деп әжем өзінің байырғы әдетіне салып, сұрақтың соңынан сұрақ қойып, бізді сөйлетпей қойды.

Айнұрдың ата-анасының жайы маған таныс, енді қайтер екен? Әжеме неге ертерек ескертіп қоймадым екен деп қатты өкіндім. Бірақ кішкентай Айнұр тағы өзінің ақылдылығы ма, әлде менің әжемді өзімсінгені ме еш саспастан, арада дәнекер болып әңгімелерін жалғай жөнелді. Мән-жайға қанық болған әжем біраз ыңғайсызданып, «маған неге айтпадың?» – дегендей бір қарады да:

– Қой балам, жарайды, жолдарыңнан қалмаңдар! Бізде кетейік, жүр!–деп мені жетелеп жүріп кетті. Артыма бұрылып қарағанда



олар өз тілдерінде сөйлеп бара жатты, бірақ үнсіз.

МАРИАННА

Мектеп десе ойыма бірінші болып: «Мектебің мынау класың, осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың!» – деген өлең оралады. Ал екінші оралатын адам, ол–Марианна атты қыз. Менің парталасым. Оның бойы сыныптағы бар баладан ұзын болатын. Өзі бізден жасы үлкен, өз қатарластарымен оқи алмай, қалып қойған оқушы еді. Қаланың сыртындағы саяжайлардың бірінде тұрады. Өзінің айтысы бойынша үйінде ұсақ бала көп, өзі үлкені. Шешесі ғана бар, әкесі жоғалып кеткен. Ол бізбен төртінші сыныпқа дейін бірге оқыды. Біз жыл сайын жаңа киім алып, оқуға асығып келсек, ол мамасының үлкен киімдерін, ескі-құсқыны үстіне ілдебайлап киетін. Аяғында биік өкше туфли, кейде тұмсығы тесіліп қалған кеды болатын. Бір ерекшелігі ол ешқашан сабақтан қалып көрген емес. Ылғи ерте келіп алатын. Шашы ұйпа-тұйпа, бір уыс жүнді басына жабыстырып алғандай қобырап жүретін. Тілінде мүкістігі бар. Кей әріптерге тілі келмей, тілі күрмеліп қалатын. Жөнді оқи да алмайтын. Ұстаған заттары кір-кір, киімі сауыс-сауыс, аузы ылғи жара-жара болып, сыныптағылардың барлығының кірпідей жиырылатын үрейі еді. Жандарына Марианна жолап кетсе құбыжық көргендей :

– Өй, кетші әрі! Жақындама, сен сасықсың! Жуынбайсың ба?!-деп шулап жататын балалар. Ал оған намыстанып жатқан Марианна жоқ, ыржиып күледі де қояды. Кейде :

– Өй, шен өшін шашық! Шөйлемеш!»-деп ұрсып та алатын.

Жаздың жайсаң күндерін көңіліміз қанша кимаса да, суығын аркалап күз келді. Жаңа оқу жылы басталды. Таңертеңнен сіркіреп жауған жаңбыр, біз сабақтан шыққан кезде де жауып тұрды. Сыныбымызда Марианна ғана алыс

тұрады. Ол үйіне жеткенше жаурап қалар деп, мен оны біздің үйге шақырдым. Әжемнің тәтті бәліші мен ыстық шайына қарық болдық. Жауын басылған бетте, менің тағы біраз бола тұруын өтінгеніме қарамастан, Марианна үйіне асықты. Босағада аяқ-киімін киіп жатқан оған, әжем ұзақ қарады. Алғашында әжеме Марианна жайлы айтқанымда : О нес әй, «жаман иттің атын бөрібасар қояр»-демекші, «Мэрэннә» деген не нәрсе, Мәриам болса жөн екен–деген болатын. Бүгінде ол өз әдетіне салып Марианнаны Мәриам деп атады. Ол кеткесін маған :

– Бейшара не жетісіп жүр ғой дейсің, киімдері әбден тозып кетіпті. Өзіңе керегі жоғын апарып бер, сенде көп қой! Мұршаң келсе жоқ-жітікке көмектесу керек. Бәрібір қаптаған киімді қайтесің?–деді.

Мен Марианнаға киімдерді алып барғанымда ол :

– Мамадан шұрайын кажыр, күте тұршы, аха?– деп үйіне қарай жүгіріп кетті.

Есігінің алды толған бұзылған пайдасыз заттар, ауласын шөп басып кетіпті. Қақпасының есігі сынып қалыпты. Үйдің есігінен іркестіркес болып кішкентай балалар шыға бастады. Өздері көп екен. Бірінен-бірі айнымаған мырқымбайлар. Үсті бастары сатпақ-сатпақ. Бір бүтін киім киіп жүргені көрінбейді. Ұйпа-тұйпа шаштарын тыр-тыр қасып қояды. Маған көз алмай қарап та қояды бәрі. Бір кезде Марианна үйден шықты.

– Киімдерің көп па? Мамаға болатыны бар ма?-деп сұрады.

– Жоға, менің киімдерім ғой, саған ғана келетін шығар

– Жарайды, әкел, мама ала бер деді-деп қолымдағы дорбаны ала сап үйіне зыта жөнелді.

Мен үйге келгесін әжеме оның анасына да киім сұрағанын айттым. Әжем анамнан керексіз деген киімдерін сұрап алып, оны да салып берді. Анам көйлектерін беріп жатып : Бәрібір модадан өткендер, бере сал!-деген. Анау жақтан әжемнің күңкілдеген дауысы естіліп



жатты: «Моды-соды» не керек? Бүтін болса болды да. Өй, әдрәм қалғыр...

Оқу жылының үшінші тоқсаны. Ең ұзақ тоқсан. Ең маңызды тоқсан. Және сол жылғы Марианна үшін ең ауыр тоқсан...

Күн әдеттегіден суық. Боран соғып тұрды. Мені мектепке атам алып барды. Сол күні Марианна алғаш рет сабаққа кешігіп келді. Беті қолы қызарып, қатты тоңғанға ұқсайды. Оның үстіне жол бойы жылап келгендей, көзі қызарып тұрды. Үстіндегі пәлтесін шешіп қойды да, басындағы бас киімін шешпестен менің жаныма жайғасты. Онсызда сабағының ортасында келіп, кедергі болған оған мұғалім енді одан әрмен ызалы кейіппен қарап тұрды да:

– Немене, сабаққа бүгін бірінші күн келіп тұрсың ба? Шеш ана бәленді басыңнан!– деп айқай салды.

Марианна үндемеді, шәпкесін шешпеді де. Қаны басына шапшыған мұғалім жылдам басып біздің жанымызға келді де оның басындағы шәпкені өз қолымен жұлып алды. Сынып іші шу ете түсті. Марианның ұйпа-тұйпа болған шаштарынан бір тал қалмапты, оның басы шыбын тайып жығылардай таптақыр. Сыбырласқан, күліскен дыбыстар шықты сыныптан. Мұғалім мұндайды күтпесе керек, сасып қалды. Қолындағы шәпкені парта үстіне тастай сап сыртқа шығып кетті. Ертеңгі күннен бастап Марианна басына жұқа орамал байлап келетін болды. Оның шашы биттеп кеткен соң қырқылыпты, оны артынан білдік. Сол күннен бері әбден тұйықталып, ешкіммен сөйлеспей қалған Марианна үшін сорақы жағдай әлі алда екенін біз де, ол да сезбеп еді. Бір күні аспаннан түскендей мектепке «Қалалық білім бөлімінен» тексеру келді. Кез келген уақытта, кез келген сабаққа кіріп, артта отырып оқушылар үлгерімін тексеріп жүрді. Кезек бізге де келді. Олар бізді минутқа оқытумен сынады. Сыныпта мәнерлеп оқи алмайтын жалғыз Ма-

рианна. Тізім бойынша шақыртылып, мұғалім нұсқаған мәтінді судыратып оқып бердік. Кезек Марианнаға келгенде барлығымыз иманымызды ішімізден айтып отырып қалдық. Бұрын соңды оны мазақ етіп жүргендердің өзі ол үшін алаңдап отырды. Мәтін Махмұд Қашғаридің өмірі жайлы болатын.

– Ал оқы, баста!–деді басқармадан келген мұғалім.

– Мах..мұд Шах..мұд...–деді Марианна тұтығып, одан кейін жылап қоя берді.

Оқу жылы аяқталды. Соңғы қоңырауда мектеп басшылығы бізді бастауышты бітіріп, орта буынға өткенімізбен құттықтап, жақсы оқитын оқушыларды мақтау қағазымен марапаттады. Ал Марианна келесі сыныпқа көшпеді. Сол жылы оның анасы мектепке еден жуушы болып орналасқан. Біздің қолымызда «мақтау қағазы», ал Марианна қолына анасының еден жуғанда киетін қолғаптарын ұстап, ұзын көшені бойлап кетіп бара жатты.

ШЫНАР

Нағыз өлара кезең. Енді студент атандым. Ақшасы жоқ, қарны аш тағдырластарыммен бірге жатақханадан орын алдым. Жатақхана аты айтып тұрғандай, безген студенттер, ортақ ас бөлме, ортақ дәретхана, ортақ жуыну бөлмесі және бәрінде бітпейтін кезек. Күнде таңертең ерте қамданбасаң сабағыңа кешігесің, ал мұғалім оны түсінбейді. «Өзіңнен көр, ұйқыны азайту керек»– дейді. Құдды өздері студент болып көрмегендей сайрайды келіп. Амал нешік, солайша көппен бірге сол көптің бірі болып өмір сүресің, маңдайыңа жазған төрт жыл. Ал Шынар секілділер үшін бәлкім ондай қиындықтар болмайтын да шығар.

...Жатақханадағы бір керуетке эзер дегенде қолым жетіп, әбден шаршап, шалдығып, барлығын ұмытып тәтті ұйқыда жатқам. Бір



мазасыз бейбақ есікте өші бардай тарсылдатып қақсын кеп. Басқа есік құрып қалғандай кетпей қойды. Ұйқымды аша алмай, есікке дейін сүйегімді сүйретіп әрең барып, аузында тұрған кілтті бұрап аштым. Кешегі сап-сары орыс әйел! О, құдайым, тағы сол! Комендант!

– Здраствуйте девочки! К вам одна новенькая пришла! – деді көпше түрде сөйлейтін әдетінен танбай.

– Жарайды, кірсін, – дедім.

Біздің бөлме екі адамдық. Соның терезе жақта тұрған қос керуетінің біріне мен, біріне жаңадан келген қыз орналасты. Иығынан төмен төгілген жалбыр шашын одан әрмен жалбырлатып, күйіс қайырған сиырдай шәйнадап ол заттарын әр бұрышқа бір лақтырды да, өзі үстіндегі қылдай көйлекпен керек десеңіз аяқ киімін де шешпей төсекке құлай кетті. Бөлмелес көршімнің біраз дарақы мінезіне таңырқап, не істерімді білмей қалған мен, бөлмені бір құдайға тапсырып, сабағымға кеттім. Алғашқы күн айтарлықтай керемет өтпеді. Себебі әлі барлығы орныға қоймаған, ешкім бір-бірін танымайды, бөтен қораға кіріп кеткен балапандай бір-бір бұрышта үрпейісіп жүрдік те қойдық. Бөлмеге қайта оралсам еш өзгеріс жоқ екен, есік ашық күйі көршім қорылға салып, әлі ұйықтап жатыр. Мен қарным шұрылдап кеткесін ас дайындауға кірістім. Танауына тамақтың иісі барды ма, «ұйқыдағы ханшайымымыз» оянды. Таңертеңнен аузы ашылып жанында жатқан арбиған шабаданынан киімін алып, ауыстырып киді. Жалбырлаған шаштарын жинап алып, көзіндегі бояумен бірге қатып қалған былшықтарын жуып еді, керемет әп-әсем қыз болып шыға келді. Екеуміз дастархан басында отырып таныстық. Дастархан дейтіндей, керемет әжемдікіндей емес, оқушы партасының үстіне газет жайып, қолда бар ыдыстарға үйден әкелген базарлықтарымызды салып, етсіз макарон қуырып жегенге әзірге мәз болдық.

– Анау сөмке толған кітапқой, оны қайтесің? – деді Шынар таңданып. (Шамасы

бағана ішінен кітап алып бара жатқанымды көрсе керек)

– Қайткені несі... Оқимын.

– Ойбай! Ужас какой, сен менің сумкамды қарашы, іші толған бояу мен киім, еше бір сумкам түгел толған аяқ-киім! – деп қарқылдап кеп күлді. (Расында оның бір басында бес сөмке бар екен)

Несі күлкілі екенін қайдам, өз басым берекетсіз шашылған ақшаны ойладым, одан да пайдалы бір нәрсеге жұмсаса қайтеді. Шынар маған алғаш көргеннен ұнамады. Оның ұнамсыз қылықтары күннен күнге көбейе берді.

Күз кетіп, қыс келді. Қыс қатты болды. Аяз күннен күнге үдеп барады. Үйден қалың киімдерімді сұратып алдым. Әжем маған жаңа ақ жемпір тоқып беріп жіберіпті. Қатты қуандым. Өзі үстіме құйып қойғандай. Таңертең оны сабаққа киіп барайын деп арнайы іліп қойдым. Қазір алғашқы сессия басталған еді. Қарбалас өмір. Ұйқыдан маза кетті, түн тыныштығын бұзып күбір-күбір сабақ оқыған студенттер жарқанат секілді біреуі корридорда, біреуі оқу залында шашырап жүреді. Ал Шынар шырылдауық шегіртке секілді сайран салып жүр. Ештемемен ісі жоқ. Бүгін де ол бөлмеде жоқ. Өзге бөлмелердегідей бізде тамақ дайындауға және өзге нәрселерге кезекшілік жоқ. Сондықтан өз қамымды өзіп ойламасам менің бөлмелесімнің оған уақыты жоқ. Жүрек жалғап алып, сабағымды бір қайталап алған соң, жатуға ыңғайландым. Есіктің кілтін енді ғана ілмекші болғам, біреу ар жағынан дыбыс берді, ашсам сол баяғы Шынар ханым екен. Өзі мас па, аузынан ащы судың иісі мұңкіп тұр. Көзінің ағы қып-қызыл. Тілін бұрап бетіме қарап бірдеңе айтып, ыржың қағады. Ызам кеп, қолынан сүйреп бөлмеге кіргіздім де, керуетіне итеріп кеп қалдым. Ол гүрс ете қалған. Көзім ілініп кетіпті. Түн ортасында бөлмедегі бір ыңғайсыз дыбыстан ояндым. Шынардың керуетінде өзінен өзге біреу барына ұқсайды. Ыңырсыған әйел дауысы, селкілдеген



керует... Ұйқымды лезде аштым да, орнымнан ытып тұрып, жарықты жақтым. Сорайған бір еркек бұтына шалбарын киер-киместен, ана арсыздың керуетінен сойдаңдап тұра жүгірді. Бетін қолымен жауып барады, істерін істеп алып, ұялған түрі шығар. Есімді жыя алмай тұрып қалдым, көзім Шынарға түсті. Ол тырдай жалаңаш күйі төмен қарап отыр.

– Арсыз! Жоғал бұл жерден!-деп айқайлап жібердім. Ол болса аяқ жағында жатқан көрпені басына дейін орап, жата қалды. Одан кейін менің де оған бірдеңе деуге шамам келмеді.

Сағат таңғы бес екен. Есік жақтағы легенде жатқан киімге көзім оттай басылды... Көзім шарасынан шығып кете жаздады, менің аппақ жемпірімді кигенімен қоймай, оған қып-қызыл қылып бір нәрсе төгіпті. Шамасы шарап болар. Онысы бадырайып тұр. Кешегі әжемнің аппақ махаббатындай болған ақ жемпірімді кір судан суырып алдым. Қып-қызыл тамшылар оның етегінен көз жасындай тамшылап жатты.

САЯГҮЛ

Түскі уақыт. Үйдегі күйбең тірліктен ығыр боп, өз-өзіме күңкілдеп жүрген қалпыма сырттан кәрі есіктің сүйегін сықырлатып, біреу кірді. Қадамы баяу, әлсіз. Шамасы төрде бесікке бөлеулі жатқан баланы оятып алмаудың әлегі. Бұрылсам, өзімнің көптен көріспеген, сарғая күтіп жүрген қайын сіңлім Саягүл екен. Қуанып кеттім. Құрбыға жарымаған мен осы Саямен керемет жақын болып кеттім. Өзімен еркін әрі тез тіл табысып кеткеніміз жасымыздың шамалас болғанынан да болар. Сая ағасы екеуміз алғаш шаңырақ көтерген жылдары маған үлкен қолғабыс болды.

Мен бірден бар шаруамды тастап, ас үйдегі сары шайнекті іздедім.

– Саяш, қайда жоғалып кеттің?

– Жеңеше, сенсеңіз оқу-жұмыс, уақыт тапшы...

– Қойшы, сол қарбаластан жеңгене бір титімдей уақыт бөле алмағаның ба?

– Ренжімеңізші енді...-деп Сая төмен қарай берді.

– Өңің қуарып кетіпті ғой, не болған?

– Жай, қаным азайып жүр

– Е,е кім екен менің Саяшымның қанын ішіп жүрген?

– Жоға, жеңеше, қазір экология ғой?!

– М.м.м Экология де.. Жарайды.

Сол күні ол біздің үйде қонып қалды. Екеуміз ұзақ әңгімелестік. Жолдасым осы Саяны еш ұнатпайтын, «тексіз» деп жазғырады. Бүгінде оны көре сап, күңк ете қалды. Саяның көңіліне келіп қалмасын деп, барынша алдарқатуға тырысып бақтым. Одан кейін Сая тағы хабарсыз кетті. Көңілім алаңдап, оны өзім іздеп барайын дегем, жолдасым тағы да : Сенің не шаруаң бар онда, тексіз неме, жүрген шығар қаңғырып! Оданда үйінде тыныш отыр, бәлесінен аулақ!-деп бастыртпады. Жолдасым оны тегіннен «тексіз» деп жазғырмайтын. Расында оның анасы өмірдің жазуымен уақытында тұрмысқа шықпай қалады. Солайша жалғыз қалмауы үшін бізге беймәлім жандардан осы Саяны асырап алған. Оның қазіргі анасы Гүлсім Саяны барынша баптап, асырап, оқытып-тоқытып отыр. Осы жайларды естіп білгенде қатты таң қалғанмын. Себебі Саяны олай деуге қимайсың, анасы екеуі өте тату болатын.

Сая сол күнгі келіп кеткенінен кейін ойымнан кетпей қойды. Бір пәлеге ұрынып қалмаса болар еді деп уайымдадым. Өңі бозарып жүргенінде бір гәп бар-ау деген ой маған маза бермеді. Ақыры жолдасым жұмыста болған кезде оны іздеп бармақшы болдым. Сая осы уақытта қалада пәтер жалдап тұрып жатқан. Анасы ауылда. Көп қабатты үйдің бірінші қабатында тұратын Саяның пәтеріне де келіп жеттім. Есігін ақырын қағып көрдім, ол ашылатын сынай танытпады. Үйінде жоқ шығар деп бір ойлады да, біраз тұрып сыртқа шықтым.



Бір кезде көзім анадай жерде дәріханаға кіріп бара жатқан Саяны шалып қалды. Жылдам ізінен менде кіруге асықтым. Мен барғанша ол алатынын алып алыпты, есікке беттеп келеді екен. Мені көріп біраз сасыңқырап қалды да, амалсыз жымыя салды.

– Жеңеше, не істеп жүрсіз мында?

– Ау, алдымен амандық сұраспайсың ба?

Не болды бірден жағадан алдың ғой?

– Кешіріңіз, аздап ауырып қалғанмын.

– Бәсе, өңің боп-боз! Өзің әбден жүдеп, қу сүйегің ғана қалыпты ғой?

Екеуіміздің бітпес диалогымыз дәріхананың тура босағасында жүріп жатқасын, жұрттың аяғына орау бола бастадық. Кейінгі тергеуімді үйде жалғайын деп Саяны үйіне ертіп әкеттім.

Үйдің іші әбден азып кетіпті. Қоқыс шелегі әлдеқашан толып, қалған қоқыстар үйдің кез-келген бұрышынан жайлы орын тауыпты. Ыдыс жуғыштың ішінде толған жуылмаған ыдыс, үйдің ауасы лас. Менің ең бірінші басыма келгені терезенің желдеткішін ашу болды, өйткені үйдегі сасық иіс демалуға мүмкіндік беретін емес. Сая болса ешнәрсені елемей, әлсіреп, төсегіне жатып қалды. Тықақтап сұрай бергенше, ыстық сорпа дайындайын деп ойладым. Үйдің ішін қоқыстан тазалап, суық сумен жуып шықтым. Ауасы тазарып, жақсы болып қалды. Саяны оятып дастарханға шақырдым. Көзі ісіп кеткен ол, кенет дәретханаға сүрінекабына жүгіре жөнелді. Есіктің саңылауынан оның құсып жатқанын байқадым. Күдігім расталып жатқандай... Тез арада оның бағана үстіне киген киімінің қалтасын қарай бастадым. Ойым оның дәріханадан алған затын көру. Жоқ болып шықты. Демек басқа жерге жасырып қойды. Бөлме ішін жылдам шолып шықтым. Терезенің алдында қолданылған «жүктілікті тексеретін тест» жатты. Енді мүлдем күмәнім жоқ, Саяның аяғы ауыр. Тас төбемнен суық су құйып жібергендей... Қалайша?.. Саяның дәретхана суын ағызып жатқаны естілді. Мен

дереу бөлмеден шықтым. Оны сұрақтың астына алып, оған ұрысқанша онымен досы ретінде сырласпақшы болдым.

– Саяш, жаным-ау, мұның қалай? – дедім дауысым дірілдеп.

Оның көздері мөлтілдеп кетті. Не айтып тұрғанымды лезде ұға қойды да, иығы дірілдеп, тұншыға жылап жіберді. Өз-өзіне келсін деп суық су құйып бердім. Біраз үнсіз отырған соң, Сая есін жинап мән-жайды баяндап берді.

– Жеңеше, білесіз бе? Мына өмір мені әлі де қинай түскісі, әлі де жылата түскісі келеді екен. Өзімнің асыранды екенімді білген кезде жанымды қоярға жер таппай, қатты қиналып едім ғой, анамды жазғырдым. Мені мына өмірге әкелуге себепкер болған әкемді қарғадым. Соным бекер-ақ екен... Мен өмірімде алғаш рет ғашық болған едім. Шын ғашық болдым. Ол менің жүрегімдегі жараны жазуға көмектесті. Маған үміт сыйлады. Мені жаңаша армандауға үйретті. Сөйте тұра қайтадан жерлеп кетті мені. Аяғымның ауыр екенін айтқанымда «Мен әлі жаспын, әке болуға дайын емеспін! Алдырып таста!» – деді. Ал одан кейін мүлде жоғалып кетті. Сонда ол жас, ол әлі өмір көруі керек, ол әлі сайран сап жүруі керек те, мен сол үшін әлі өмірге келмеген кішкене шарананың өмірін құрбан етуім керек пе? Жоқ! Ал енді ең жаманы мен осы жағдайдан кейін у ішіп өле қалсам жағдайым жеңілдер ме еді, бірақ менің енді олай жасауға хақым жоқ. Себебі менің құрсағымда кішкентай тіршілік иесі бар. Ол нәресте ата-анасының ақымақтығы үшін жапа шегуі тиіс емес. Енді менің болашағым не болары белгісіз. Ол біреулер үшін қайдағы бір ессіз еркектің бір күндік ляззатынан пайда болған бала болса да, мен үшін олай емес. Себебі мендегі жүрек адал сезімнің жаршысы еді, менің махаббатым зор еді. Енді осы бір кішкентай періштемді махаббатымның айғағы ретінде жарық дүниеге әкелмекпін – деді Сая. Оған не дерімді, қалай көмектесерімді де білмедім.

– Саяш, бұл сенің өмірің. Қалай шешім



қабылдасаң да өзің білесің. Мен қашанда өзіңді қолдаймын, қолымнан келгенінше көмектесемін. Бірақ ағаң...

– Жеңеше, көп рахмет сізге! Маған сіздің осы көмектескеніңіз де жетеді. Білемін, ағам енді мені мүлдем жек көретін болды. Сізді де түсінемін. Сіз енді келіп әуре болмаңыз, буыны қатпаған балаңыз бар. Маған бір Алла жар болады.

Саяның пәтерінен шықсам қас қарайып қалыпты. Жолдасымның келер уақыты болып қалғанын ұғынып, үйге асықтым. Оған жағдайды қалай жеткіземін? Білмеймін. Саяның батылдығына таң қалдым. Оның орнында өзім болсам не істер едім?..

Үйге келген соң бар күшімді жинап, жолдасыма барлығын айтып бердім. Ол болса

қабағын тас қып түйіп біраз үнсіз отырды да:

– Мен саған айттым емес пе? Ол «тексіз» адам болмайды деп!–деді де орнынан тұрып кетті.

Ер адамдар неге сонша қатал болады екен... Бөлмеге үнсіз бардым да, өзіме алған бір жаңа халат пен баланың жаялықтарын бір сөмкеге салдым. Тағы бір қажет деген заттарды, өзім жүкті кезімде киген киімдер мен дәрумендерді жинап, ертең Саяға апарып беремін деп шештім. Жолдасым төр бөлмеде ұлына телміре қарап отыр екен. Бірер уақыттан соң жаныма келіп: – Саяға не керек екен? Мүмкін қаражат жағынан көмектесерміз? Ертең онымен дұрыстап сөйлес, не қажет болса да, барлығын алып бер!– деді. Ол оны алғаш рет өз атымен атады сол кеште.



• Айтулылар айтқан сөз

Әйелдер – еркектердің ұлы ерлік жасауына күш-қайрат береді де, бірақ оны жүзеге асыруға уақыт бермейді.

Г.ФЛОБЕР



Айгүл ЖҰМАДІЛ

1975 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетін тәмамдаған. Алматы қаласында ұстаздық қызмет атқарады.

*Өлеңім, сенен өзге сая таппай,
Өзіңе айналып кеп тұрақтадым*

СЕН МЕНІ БІЛМЕЙСІҢ ҒОЙ

Сен мені білмейсің ғой,
Сондықтан тілдемегін, күндемегін,
Жанымда жүрген жоқсың күнде менің.
Өз қайығым қайраңда қалса дағы,
көңілімді көмкеріп өлеңіммен,
желкенін көтеремін жүз кемеңің.

Қайтесің,
Күнә артып мойыныңа даттамағын,
Тәңірімнің алдында аппақ арым.
Жан дауасын іздеген пенделердің,
тамырына қан құйып қыздыратын,
дәруіш қызметін атқарамын.

Қызғанба да, қызықпа,
Жүрегіме ауыр жүк көтергенім,
Қанша ғұмыр, қай маңға жетер демім?!
Бүркеніп өз көрпемді бүк түсіп ап,
қара бастың ойласам қара қамын,
өтелмей өкінішім өтер менің.





Білгің келсе,
Көгершін боп арманды ұшырамын,
Немқұрайды өте алман тұсынан мұң.
Өзім жайлы айтылған жағымсыздау
әңгімені жақұт қып жалтыратып,
қайтадан өзіңе әкеп ұсынамын.
Мен сондаймын...

МЕН ЖАЙЛЫ БІЛГІҢ КЕЛСЕ

Мен жайлы білгің келсе
Дархан кең даламнан сұра,
табаным шиырлаған.
Осынша кеңдігін қайтем,
тоқымдай бұйырмаған.
Айдын көл, теңізден сұра,
толқыны сабалаған.
Мұңымды тыңдай ма деп,
үмітпен жағалағам.
Асқар шың таулардан сұра,
асуын алдырар ма екен?
Арманым айқаймен айтқан,
қайта жаңғырар ма екен?
Көктегі жұлдыздан сұра,



көзімнен жасты санаған.
Самал жел салқыннан сұра,
жұбатып шашты тараған.
Таңғы шық мөлдірден сұра,
бала шақ табаным тиген.
Көктегі зеңгірден сұра
таңырқап басымды игем.
Сылдыр көк бұлақтан сұра,
күлкімді естіген сыңғыр
Балалық- құрақтан сұра,
өткізген елестей бұлдыр.
Күзгі бақ, жауыннан сұра,
ақ үміт қыс барар ма екен?
Сырғыған сағымнан сұра,
Әй, бірақ, ұсталар ма екен?
Айтулы іс бітіріп,
Мақтану бұйырмаған.
Сіздерге өзім жайлы
Айтуым қиын маған.

ӨРТЕНІП ІШІМ БАРАДЫ

Мақсатсыз кезіп әлемді,
Мағынасыз өмір сүргенім.
Бұл ғалам неткен тар еді,
Жүрегім сыймай жүр менің.

Көзімді тұман тұмшалап,
Сара жол алдан ашылмай.
Сын сағат күтіп тұр санап
Аптыққан демім басылмай.

Елеңдеумен жүремін,
Бір ісім бітпей қалғандай.
Өтпесін деп тіледім
Үміттің жібі жалғанбай.

Жат болдым бәлкім кімдерге,
Айырмай ақты, қараны?
Белгі жоқ өткен күндерге
Өртеніп ішім барады.



БАҚЫТ, БАЙЛЫҚ, МАХАББАТ

Бақыт іздеп жүрсің бе?
Балаға бар-
Адамзаттың пәктігі паналаған.
Балалықтың әр сәті, әр минуты
Өміріңнің құнымен бағаланар.

Махаббат па керегі?
Жүрегінде-
Анаңның, ақ батасы – тірегім дер.
Әлдиімен мәңгілік таусылмайтын
Саған деген ғашықтық жыры егілген.

Байлық па еді, жарығым,
іздегенің?
Табасың таусылмағын, үзбе демің.
Сарқылмайтын қазына - ауыл маған,
Қарттарыма сондықтан жүз келемін.

Жету үшін ертеңге – сенім, төзім
Керек екен адамға жылы сөзің.
Білмейсің-ау, ал мүмкін біреулерге
Бақыт, байлық, махаббат – сенің өзің.

ӨЛЕҢДІ ЖАЗУ КЕРЕК

Өлеңді жазу керек
Сезімге беріліп тұрып,
Өмірдің адырнасында
Жебедей керіліп тұрып.
Шоғындай сексеуілдің,
Жалындап, қарып тұрып.
Түрленген текеметтей,
Бояуын қанық қылып.
Жаманды жабықтырып,
Жақсыны қарық қылып.
Батырдың қанжарындай,
Қайраққа жанып тұрып.
Тау суы-ат құлатқан
Ағысы тоқтағандай.

Атасын қара өлеңнің
Соңғы рет жоқтағандай.
Өлеңің шықсын дәнектей,
Жүректі жарып тұрып.
Әр сөзің болсын, ақыным,
Бұлақтай лағыл, тұнық!
Оқырман оқитындай
Көзден жас ағып тұрып,
Ұстауға бағыт қылып.
Шамшырақ жағып қырық,
Әлемді жарық қылып.
Жүректі елжіретіп,
Жанарды мөлдіретіп.
Сенімді желбіретіп,
Сезікті селдіретіп.
Сенгендей хақ Тағалам,
Бір сәттік шақтай ғалам.
Ал өзім өлең жазғанда-
Өзімді таппай қалам!!!
Өзімді таппай қалам.

АУЫЛҒА КЕЛСЕМ...

Ауылға келсем, әкемнің иісі қарсы алып,
Тұрады мүңкіп жаныма беріп жан сауық.
Жусаны, қияқ, аршасы, құрақ-көк майса
Жұпарын тағы жұтамын талмап,
тамсанып.

Ауылға келсем, қаламын жайнап,
жайрандап,
Жұмағым осы, қайтемін құрысын
«айды» аңсап.
Бұлбұлдай ұшқан бір-бір ән салып
бағымда,
Бала күндерім қайырылмай кеткен
қайран шақ.

Ауылға келсем, арманға қолым
жеткендей,
Жұлқынған жастық бұлқынып
көзден өткендей.



Қол бұлғап қайта шақырғым
 келіп тұрады,
 Жүгіріп шығып жауқазын терген
 көк белге.

Ауылға келсем, елжіреп еті жүректің,
 Балқытып бойды баурайды жайлап
 бір екпін.
 Дертіне дем сап, жүрегін емдеп,
 бой жазып,
 Марқайып қайтсын жүрген де болса
 жүдеп кім.

СҰЛУЛЫҚ

Іштегі сақталған сыр сұлу,
 Көктемгі құлпырған қыр сұлу,
 Ойы бар, орамды, жыр сұлу,
 Бір сұлу-қызару, қымсыну.

Аналар әлемде тамаша,
 Қарттарым қуанса балаша.
 Сұлулық емес пе сәлемі
 Жеңгенің жаулығы жараса.

Қуаныш сыйласа, таң сұлу,
 Жаныңды баураса, ән сұлу,
 Көрікті мың адам ішінде
 Жүректе орны бар жан сұлу.

Түнде де сұлулық тұнып тұр,
 Ай-жұлдыз жымыңдап күліп бір.
 Сұлулық үзіліп қалмасын,
 Таңғы нұр сәулеге іліктір.

Сабырға жеңдіру ашуды,
 Ақ пейіл жібектей шашулы,
 Жұмыла бірге алу асуды-
 Сұлулық төресі, бас үлгі.

Сүрінсе, сүйеген шынтақтан,
 Сәбидің өсуі құндақтан,
 Ақымақ атағын қылмақ таң.
 Елге ортақ іс қылу-шын мақтан.

Үзілген тамшыдай мұң сұлу,
 Жанашыр айтылған сын сұлу.
 Өсемдік әлемде тұнып тұр
 Сұлуды сезіну – шын сұлу!

ШЫДАМ

Құз басында қанатым жайсам, жар,ә,
 Шыда жаным, тағы да сәл-сәл ғана.
 Құласам да қақым жоқ түңілуге,
 Перзентімін тұран ел, қайсар дала.

Шайып өткен көңілім-бұйрат ағын,
 Дәметпеймін сүбелі сый қатарын.
 «Айналайын» адамды босатады,
 Қаталдық қой жаныңды ширататын.

Қиындықта сыналар шын ар дер ем,
 Ерік, жігер өлшемі-шыдам деген.
 Өмір, мені қайрай түс шарығыңа,
 Шексіздікке бір күні шығар кемем.

САБЫР

Адымың кері кетсе,
 Нала, мұң желіп өтсе,
 Шыдамдай қара нардың
 Шыдамай белі кетсе,
 Сабырға жүгін.

Еңбегің бағаланбаса,
 Жоқтық, жұт жағадан алса,
 Жігерің жерісе сенен,
 Төзім-ат тағаланбаса,
 Сабырға жүгін.

Достарың көлеңке бұқса,
 Сатқындық қанжарын сұқса,
 Алқымдап ашу-арыстан
 Ақырып алдыңнан шықса,
 Сабырға жүгін.



Тұсауың кесілмесе,
Ескегің есілмесе,
Күншілдер аяқтан шалып,
Күрмеуің шешілмесе,
Сабырға жүгін,
Аллаға сиын!

ӨМІР – ҒАЖАП

Өмір-ғажап, өмір сүру-ғаламат,
Әлем-сұлу, адам-таза, ғалам-ақ!
Ей, адамзат, жақсылыққа тағзым ет,
Бір-біріңе тілеп саулық, саламат.

Отбасыңның амандығы бір бақыт,
Достарың ше келетұғын түн қатып.
Уа, жамағат, тәңіріңе тәубе қыл,
Қуаныштан қойған сені жырлатып!

Нәрестенің шат күлкісі, былдыры,
Сайраған құс, бұлақ судың сылдыры.
Естіп тұрсың кереметін әлемнің,
Одан артық таба алмассың құндыны!

Көріп тұрсың сұлу дала, тау көркін,
Аман- жаулық, бүтін-бауыр, сау-бөркін!
Қуанышпен қабыл алғын Өмірді,
Тұнжырамай, тұманды ойдан сәл серпіл!

Күн шықты әне, шаттық нарқын ұқтырып,
Бақыт, байлық, берекесін құтты ғып.
Қарсы аламын әрбір атқан ақ таңды,
Құшак жайып, табанымнан тік тұрып!

ЕШТЕҢЕ КЕРЕК ЕМЕС

Ештеңе қызық емес, жалған бәрі,
Көңілім ештеңеге таң қалмады.
Япыр-ау, өмір неткен сүйкімсіз ед
Сұрықсыз, сиқы кетіп қалған-дағы.

«Неге?» деп қоймай-ақ қой сұрақ маған,
Сезінбесең несіне сыр ақтарам?
Әйтеуір бір білерім, қармансам да
Шалынбай не сүрінбей құлап барам.

Өзімді өтірікпен жұбатпадым,
Есіркеп, келмеді ешкім сұрап қалім.
Өлеңім, сенен өзге сая таппай,
Өзіңе айналып кеп тұрақтадым.

Мендегі бөтен әлем, бөлек елес,
Қисынсыздау ойлар да келер егеш.
Десем де жаным жалқы, жабырқау жүз,
Ешкім де, ештеңе де керек емес.

ӨМІР СҮРУГЕ АСЫҚПЫН

Кеудеңде, қалқам, жаға алмасаң
жұғымды от,
Досыңа да, дұшпаныңа да құның жоқ.
Сусыған уақыт кетпесін текке
шығын боп,
Кешеден қашық, ертеңнен жақын
күнің жоқ.

Тәуекел шешім тұлдыр арманды тұр
ықтап,
Қалар ма-ай жетім тұрса да торып
қырық бақ.
Өмірдің заңы өзінді кепілге алатын,
қашқаныңмен де қас қағым сәтте
құрықтап.

Жасқанба жоққа, мастанба барға
тасып тым,
Дәл осы күннің қымбат-ау құны, жас,
ұққын.
Өрекіп көңіл өртеніп жүрсем сөкпендер,
Өмір сүруге, өмір сүруге асықпын!



Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ

Публицистика жанрында қалам тербеп жүрген жастардың бірі. Республикалық жыр мүшәйраларының, шығармашылық және журналистика саласындағы байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Балалар мен жасөспірімдерге арналған ақпарат құралдарының «Жас Қаламгер» Халықаралық фестивалінің Гран-при иегері.

ЕРНАРЫН

... Күні кеше ғана сияқты еді. Уақыт дегенді қойсаңызшы, желден де жүйрік екен ғой өзі! Енді келмеске кеткен сол бір күндерді бүгінде сағынышқа толы ыстық сезіммен еске алып отырмын.

Мен бұл жоғарғы оқу орнына сырттан келген «сырттанмын». Жасым да үлкендеу. Әуелі елордамыздағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде, кейіннен әскери салада оқыған менің маңдайыма түптің түбінде осы оқу орнын тәмамдауды жазыпты. Ойда-жоқта көлік қағып кетіп, соның кесірінен әскери салада еңбек етуімізге денсаулығымыз да, дипломымыз да жарамсыз болып шықты. Екі жыл бойы төсекке таңылғаннан кейін Еуразия Ұлттық университетінде бастаған мамандығымызды жалғастырып, аяқтауға «Ақ Жайықтың ақ шағаласы» атанған ардақты

ақын, белгілі қоғам қайраткері, туған анамдай болған Ақұштап Бақтыгереева апамыз көмек қолын созған. Осы Ақұштап апамның себепкер болуымен Орал қаласына келгенмін. Ақиқатында, бұл – апамның алғашқы көмегі, қолдауы емес. Сондықтан, мен Ақұштап апам барлық жағынан қарыздар адаммын.

Ернарынмен осы Орал қаласында табыстық. Онымен алғашқы танысуымыздың өзі қызық болған. Мен келіп қосылған топта менімен аттас тағы бір Нұрсұлтан болатын. Тегі – Қалдыбай. Сол ақтөбелік аттасым бірде өзінің туған күніне шақырды. Мен ол кезде қорғайтын еңбегімді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде тәжірибеден өткізіп жүргенмін. Белгіленген күні туған күнге келдім. Ернарынды бұрынсоңды университет қабырғасында көріп



жүрсем де, онымен алғашқы рет сол күні тілдестім. Бірінші дастарқан аяқталып, бәрі биге тұрғанда, бір топ студент жанымға келіп отырды. Амандық-саулықтан соң солардың арасындағы Ернарын:

– Нешінші жылғысың? – деп сұрады.

– Пәленінші жылғымын, – деп жауап бердім. Ол ойланып жатпастан:

– Қарт екенсің ғой, – деді. Мен мына сөзді естігенде сол мезетте ұрттаған шәйіме қақалып қала жаздадым. Ересектеу екендігім рас. Бірақ, «қарт екенсің ғой» деп, сексендегі шалға тенең, әрі апарып тастаудың қажеті жоқ еді. «Жасың үлкен екен ғой» деп айтса да жетіп жатыр емес пе?» деп іштей өкпеледім бейтаныс жігітке. Сосын бетіне бажырая бір қарадым да, сыпайылық сақтап үнсіз отыра бердім. Кейін білдім, «жасың үлкен екен» дегенді батыста «қарт екенсің ғой» деп айтады екен. Жергілікті жердің тілдік ерекшелігі солай. Былайша айтқанда, диалекті. Өмір деген қызық қой, сол кезде осы сөзі үшін жек көре қараған адамның кейіннен менің өмірлік жан досыма айналатынын мен ол кезде білген де жоқпын. Тағдырдың тосын сыйы таусылған ба, сірә?!

Университет қабырғасынан Ернарынды күнде көріп жүрсем де, осы оқиғадан кейін онымен тілдесе қойғаным жоқ. Бірақ, сыртынан бәрін байқап жүрмін: өзінің қатарластарынан оқ бойы озық, артық қимылы жоқ, сөзі де, өзі де ерекше студент. Оқытушыларға жағымпаздандуды мүлдем білмейді. Бұқпантайламай бетке айтатын турашылдығы тағы бар. Бейтаныс жігіттің қолынан келген көмегін аямайтын көпшілігі де бар екен. Оны мен мамыр айының соңындағы мемлекеттік емтихан кезінде байқадым. Ернарынның тобы бізге параллель топта оқитын болғандықтан, мемлекеттік емтиханды біздің алдымызда тапсырып шыққан. Сол күні Ернарынның бізге көп көмегі тиді. Шындығын айтқанда, Ернарын қол ұшын созбаса, бәріміз анау-мынау емес, мемлекеттік емтиханнан құлап шығатын едік. Ернарымен жақынырақ

араласуымыз, міне, осыдан кейін басталды. Оның осы көмегіне рақмет айтуды парыз санап, емтиханнан кейін іздегенмін. Бірақ, жұмыста болып шықты. Сөйтсек, оқудан бөлек қосымша жұмыс жасайды екен. Ата-анасына салмақ салмау үшін. Телефонмен тілдесіп едік, кешірек босайтындығын жеткізді. Сол күні кешке сыртынан жақсы танытын, алғашқы рет тілдескенде «қарттығымды» бетіме басқаны үшін жек көре қараған адамым уәдесінде тұрып, қарсы алдым-да отырды.

«Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» емес пе? Ернарынмен сол кеште тез тіл табысып кеттік. Өзі – әңгімешіл, қарапайым бала болып шықты. Бастысы – не айту керек екендігін біледі. Сондықтан болар, түрлі тақырыптағы әңгіменің тиегі ағытылып сала берді. Маған да қоятын сұрақтары көп-ақ екен. Сыртымнан біраз нәрсеге қанық екендігі көрініп тұр. Әсіресе, астаналық тұрғынның түү-у батыста неліктен «адасып» жүргендігі барлық студенттерді қызықтырады екен. Қайдан, қалай, не үшін келгенімді – барлық шындықты жасырмай жайып салдым.

– Мені көп адам мақтамайды, өзім оңбаған адаммын, – дедім әңгіме арасында оның маған қарата қойған сұрағына жауап беріп.

– Иә, білемін, оңбаған адамсың, – деді ол көп бөгелместен, – Сен – жақсылық жасаудың оңбағанысың!

Мен сасып қалдым. «Иә, білемін, оңбаған адамсың» дегенде төбемнен суық су құйып жібергендей болып еді, артынша: «Сен – жақсылық жасаудың оңбағанысың!» деп жүрегімізді орнына түсірді. Осылайша ол сөз тауып кетті.

– Сенен жасым кіші болғанмен, мен де бірдене білетін шығармын. Сені көріп те, біліп те жүрмін. Өзің денсаулықтан жапа шегіп жүрсен де, кімге қалай көмектесіп жүргеніңді білемін. Өзірге жаман атыңды естігенім жоқ. Сондықтан, сені – жақсылық жасаудың «оңбағаны» деп қана білемін, – деді Ернарын сөзін жалғай түсіп.



Оның мына сөзіне ішім жылып қалды. Бөтен қалада кездескен бейтаныс жігіттің аузынан мұндай жылы сөздер естимін деп күтпеген едім. Әйтеуір, сол кеште менің көңілім көтеріңкі отырды. Мақтағанды кім жек көрсін?!

Екі-үш күннен кейін мен Атырауға, университеттегі тәжірибелік жұмысымды аяқтау үшін жол жүретін болдым. Ернарын шығарып салды. Оған дейін де хабарласып, қолымыз қалт еткенде әңгімелесіп жүргенбіз. Асыра мақтағанымыз емес, онымен әңгімелесудің өзі бір ғанибет. Кез келген тақырыпқа жүйрік, алдына жан салмайды. Жас болғанмен білімді. Әсіресе, тарихи әңгімелері қызықты.

Бақытыма орай, «рахатты» осы Ернарын бауырымыздан көрдім. Мен Атырауға кеткен бойда Оралда тез арада жасауға тиісті шаруаларым бірінен соң бірі жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптап шығып жатты. Ғылыми еңбекті антиплагиаттан өткізу, ғылыми жетекшілерден пікір жинау, басқа да көптеген құжаттарды толтыру секілді уақыт күттірмейтін жұмыстар тұрды. Атыраудағы жұмысымды да тастап кете алмаймын. Екі оттың ортасында қалдым. Соны ойлап басым қатып отырғанда, Ернарын көмекке келді. – Ештеңеге алаңдамай Атыраудағы жұмыстарыңды бітіріп кел, мұндағы шаруаларыңды мен мойныма аламын. Сен келемін дегенше бәрін тындырып қоюға тырысамын, – деді бауырымыз. Сол сөзінде тұрды. Өзінің бүкіл жұмыстарын тастап, менің жұмыстарымды реттеді. Күннің ыстықтығына және аузының беріктігіне қарамай, он шақты күн қатарынан қажетті мекемелерді аралап, жүгіріп жүрді. Бір барғаннан біте қойса жақсы ғой. Кейбір керек адамдар орнында болмай шығады. Ертең кел, арғы күні, бірсігүні... Шынымды айтайын, бір адамның соңынан төрт күн бойы жүру – менің қолымнан келмейтін еді. Шыдамым жетпес еді. Ал, Ернарын бауырымыз болса, бәріне көніп жүрді. Оның шыдамдылығына, сабырлылығына, ұстамдылығына таңғалдым.

«Достық әр жерде емес, тар жерде туады» деген рас екен. «Досыңның қандай екенін басыңа іс түскенде ғана білесің» деген аталы сөз, сірә, осындайда айтылса керек.

Арада біраз уақыт өткенде Атыраудағы жұмыстарым ойдағыдай аяқталып, Оралға кері оралдым. Ернарын күтіп алды да: – Нұреке, университеттің жатақханасына орналассаңшы. Сол дұрысырақ болар. Қазір жатақхананың тең жартысы бос, орын табылады. Мен жатқан 706-шы бөлмеден орын сұра. Екінші бөлме бос тұр, – деді. Маған салса, бұрын түсіп жүрген танысымның үйіне орналасқаным жақсырақ еді. Тамақ-шәйің, басқа да қажетті заттарың дайын дегендей. Бірақ, жаңадан тапқан досымыздың сөзін жерге тастай алмай, жатақханадан орын сұрадым. Жатақханаға орналасу үшін де біраз құжат дайындау керек екен. Ернарын жанына ертіп алып, жүгіріп жүріп бәрін дайындап берді. Сол күннің ертеңіне-ақ: «Мықтыбаев жатақханаға орналасыпты» деген әңгіме тез тарап кетті. Бұрыннан таныс студенттер көрген бойда: – Сен жатақхананың баласы емес едің ғой, Оралда дайын тұрған үйің бар емес пе еді? – деп сұрайтынды шығарды. Бәрінің бұл сұрағына күліп құтылатын болдым.

Атыраудан аман-есен келгенімді айтайын әрі сәлем беріп шығайын деп ертеңіне Ақұштап апама хабарластым. Ақ апа үйінде екен. Ернарынды ерте бардым. Жанымда адам барын алдын ала ескертпегенмін. Сосын бұрын-соңды Ақұштап апама достарымды таныстырып, ертіп бармаушы едім. Ернарын да ол кісімен жүзбе жүз таныс емес екен. Сондықтан болар, осы жолы аздап қобалжыдым.

– Бұл жігіттің аты – Ернарын, осы Оралдан тапқан досым, – дедім амандық-саулықтан соң Ақұштап апама. Апа жатырқаған жоқ, біз отырғаннан кейін «Қазір» деді де, ішкі бөлмеге кіріп кетті. Сәлден соң, қайта шықты да:

– Досыңа кітабымды сыйға тартайын, – деп қолындағы «Ана сыры» атты кітабының ішкі мұқабасына: «Ернарын балама ақ жол



тілеп» деп қолтаңбасымен жазып берді. Маған «жазып жатқан еңбегіңе пайдасы тиер» деп, өзінің ертеректе жарық көрген «Дін және қазақ қызы», «Ақынның сөзі ұраннан кем емес» атты мақалаларының көшірмесін ұсынды.

– Апа, бұл бала сіздің «Ақ шағала» атты кітабыңызды алғысы келеді, – дедім әңгіме арасында. Ернарын қатты сасып қалды.

– Ә, солай ма? Үйде қалса, беремін ғой, – деді ақын апа байыппен. Біз кетерде аталмыш кітапты іздеп еді, табылмады. – Алматыдағы қызымның үйінде 2-3 данасы қалған. Жақында келетін немеремнен алдыртып берейін, – деді апамыз.

Сол күні Ақұштап апамның дастарқанының басында көптеген әңгіменің тиегі ағытылды. Біз үшін мәні де, мағынасы да, пайдасы да зор салиқалы сұхбат болды. Ақұштап апамыздың тағылымды әңгімелерінен көп нәрсеге көзіміз ашыла түсті. Арасында қостағанмыз болмаса, біз үнсіз тыңдаушы болдық. Осылайша, ақ апамыздың үйінен көкейімізге көп нәрсені түйіп, жақсы көңіл-күймен шықтық.

Кешке жатақханада Ернарын екеуміз Ақұштап апамен өткен сәттерді қайталап еске алдық. Ол кісінің айтқан әңгімелерін еске түсіріп, санамызда жаңғырттық. Апамыздың әңгімесі бауырымызға да қатты әсер еткен екен.

– Махамбет бабамыз туралы айтқан әңгімесін бұрын-соңды еш жерден естімеппін, – деймін мен.

– Мен де! – дейді ол, – Ақұштап апамыз неткен білімді, ұлтжанды кісі еді! Тұнып тұрған шежіре ғой өзі!

Мен келіскенімді білдіріп басымды изеймін.

– Нұрсұлтан, байқадың ба, Ақұштап апаның күлкісі керемет екен. Ол кісі күлгенде жанарынан нұр шашылып тұрады, – деді бір кезде Ернарын.

Ақұштап апаммен кездескен сайын мен де үнемі осыны байқайтынмын. Бірақ, бұл

туралы ешкіммен ой бөлісіп көрген емеспін. Ернарынның мына сөзі сол ойымды бекіте түскендей еді. Әрі досымның байқампаздығына тәнті болдым.

– Ол кісі алғашқы кездескеннен-ақ кітабын сыйға тартады деп күтпеп едім. Маған тосын сый болды. Мені ертіп апарып, таныстырғаныңа үлкен рақмет, – деп ризашылығын білдірді досымыз, – Айтпақшы, апамыздың өлеңдерін оқиықшы. Менің оқығым келіп тұр.

– Оқысақ, оқиық.

Ернарын орнынан тұрды да, апа сыйға тартқан кітапты сөмкесінен алып шықты. Кітапты ерекше ілтисіп қолына алып, алғашқы бетіндегі алғы сөзін дауыстап оқыды. Сосын одан кейінгі беттегі «Ана сыры» атты өлеңін ерекше ырғақпен оқып шықты.

– Келесі өлеңді сен оқышы, – деді де кітапты қолыма ұстатты, – Кезектесіп оқиық.

«Ана махаббаты» атты өлеңді оқып шықтым. Келесі өлеңді ол оқыды. Сөйтіп, «Ардақты ананың айтқаны», «Әжемнің әңгімесі», «Қайран шеше» болып жалғасып кете берді. Ол кітаптың 35-ші бетіндегі өзіне кезек бойынша келген «Таңдау» атты өлеңді дауыстап оқыды да, үнсіз ойға шомып кетті. Мен де оның ойын бұзбайын деген ниетпен үнсіз отыра бердім. Бір кезде кітаптан басын көтеріп, әлгі өлеңді тағы бір қайталап оқыды:

– Ақ сөйлеп, адал күлетіндермен,
Шындықты жақтап жүретіндермен,
Сыйластық сырын білетіндермен
Танысқым келеді менің.

Жаманға жағынбайтындармен,
Жоқтыққа тарылмайтындармен,
Арманнан арылмайтындармен,
Табысқым келеді менің.

Жанары мөлдірегендермен,
Жүрегі елжірегендермен,
Үмітке сендіре білгендермен
Достасқым келеді менің.



Мұң-қайғы жеңбейтіндермен,
Өсекке сенбейтіндермен,
Наданға ермейтіндермен –
Бас қосқым келеді менің.

– Қандай керемет өлең, мағынасы терең екен, – деп күбірлеген ол тағы да үнсіз қалды. Сәлден соң: «Енді сенің кезегін» дегендей кітапты қолыма ұстатты. Өлең оқу қайтадан жалғасты. Осылайша отырып, кітаптың соңына келгенімізді де байқамай қалыппыз. Кітаптың соңғы бетіндегі «Ескерткіш тіл қатады» атты өлеңді асықпай оқып шыққан соң, мен кітаптың бетін жауып, үстелдің үстіне қойдым. Ернарын кітапты қолына алды да, өзіне қатты әсер еткен өлеңді қайтадан оқи бастады: «Ақ сөйлеп, адал күлетіндермен, Шындықты жақтап жүретіндермен...».

Ол оқып болған соң, мен де кітапты алып, ақынның өзіме ерекше әсер қалдырған «Қысқы түн» атты өлеңін қайталап оқып шықтым. Әсіресе, өлеңнің соңғы шумақтары сезімге толы еді:

– Үлгертпей мені не деуге,
Сен қарды еппен қаққаның.
Сау ете қалды еденге
Иығыма қонған ақ қарым.

Бір жалын шарпып өткендей
Селк етіп шоршып түстім мен,
Қапыда сусып кеткендей
Ақ торғын көйлек үстімнен...

– Сезімге толы, бейнелі не деген мықты өлең! – деймін мен де танданысымды жасыра алмай.

– Мықты, – деп қостайды Ернарын басын шайқап.

Ақын апа бұл кітабын кезінде маған да сыйға тартқан. Бас алмай түгел оқып шыққанмын. Бірақ, дәл сол кезде бүгінгі кештегідей әсерлене қойдым ба екен?

Сәлден соң әңгімеміз қайта жалғасты. Ақұштап апаның үйінде айтылған әңгімелерге қайтадан оралдық. Ол кісі қаузаған әңгімелерді

санамызда тағы бір жаңғыртып, бағанағыдан да бетер тебірене түстік. Сосын тағы да өлең оқыдық. Ол – «Таңдауды» қайталайды, мен – «Қысқы түнді» оқимын. Осылай отырып таңның қалай атқанын білмей де қалыппыз. Сөйтіп, сол түні біз таңды ұйқысыз атырдық.

Осы оқиғадан кейін біз бұрынғыдан да жақын болып кеттік. Жатақханада бір бөлмедеміз. Күні бойы жұбымыз жазылмай бірге жүреді. «Сенің жұмысың, менің шаруам» деген атымен жоқ. Екеуіміздің жұмысымыз – ортақ. Екеуіміздің шаруаларымызға бірге барамыз. Бәрін бірге жасаймыз. Сәресінде ауызды бірге бекітеміз. Кешке университетке жақын жердегі «Татар мешіті» аталып кеткен мешіттен ауыз ашамыз. Сосын орталық мешітке барып, тарауих намазына қатысамыз. Он шақты аялдаманы жаяу жүріп қайтамыз. Ортақ әңгіме көп. Кейде өзіміздің әлімізге қарамай мықты ғалымдар секілді бүгінгі күнгі әдебиет, журналистика мәселелері төңірегінде де әңгіме қаузаемыз. Бірде ол менің «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Парасат», «Қазақстан әйелдері», «Үркер» секілді республикалық басылымдарға шыққан мақалаларымды талдап таң қалдырған. Сөйтсек, жанында жүрген адамның не жазып, не қоятынынан да хабардар екен досымыз. Үндемей жүріп, қалай уақыт тауып, қашан, қайдан оқып жүргеніне тағы да таңмын. Осылайша, екеуіміздің достығымыз бүкіл университетке тарап кетті. Қызыға, қызғана қарайтындар да табылды.

– Менің жатақханаға орналасқаным бәріне қызық болып жүр, – дедім бірде жаяула-тып келе жатып.

– Өзің пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадисі туралы айтқан жоқ па едің? – деді ол.

Есімде болатын. Кезінде екеуіміз пайғамбардың (с.ғ.с) достық туралы айтқан өсиеттерінен әңгіме шерткенбіз. Сонда: «Екі адам бір бірін дос деп тануы үшін үш күн, үш түн бірге болуы керек. Осыдан кейін ғана өздерін дос тұтуларына болады», деген хадисті



айтқанмын.

– Жатақханаға осы үшін ғана орналасуға кеңес бердің бе?

– Тек ол ғана емес. Сенің қандай дос болатыныңды сынағым келген, – деді Ернарын.

Оның мына сөзіне тағы да таңғалудан басқа амалым қалмады. Досымыз біз ойлағаннан да ақылды болып шықты. Оны дос ретінде сынау менің үш ұйықтасам да түсіме кірмепті, ал, ол болса осы уақытқа дейін мені сынап жүріпті.

– Сіздің сыныңыздан өттім бе? – деп езу тарттым мен.

– Өтпесеңіз, жаныңызда жүрмес едім ғой, – деп жауап қатты ол да «сізге» көшіп.

Мен сол күні көпке дейін таңғалумен жүрдім. «Бұл бала мен ойлағаннан да ақылды екен ғой» деп ойлап қоямын ішімнен.

Сөйтіп жүргенде, мен көптен күткен маусым айының 14-ші жұлдызы да келіп жетті. Диплом қорғайтын күнім. Тақырыбым – «Ақұштап Бақтыгереева публицистикасындағы ұлттық таным мәселелері». Бақтыгерееваның публицистикасынан бұрын-соңды ешқандай еңбек жазылып, қорғалмаған. «Апамды ұятқа қалдырып алмасам екен» деп қорқасоқтаймын. Үміттен гөрі, үрей басым. Ертең қорғаймын деген күні Ернарын екеуміз таңды тағы да ұйқысыз атырдық. Досымыз дайындаған презентациямызды басқарып отыру жағын өз мойнына алды. Сол күні менің қорғауыма Алматы қаласында жазушылардың халықаралық форумына қатысып жатқан Ақұштап апамыз ұшып келемін деген. Мен қорғайтын аудитория да, университет басшылығы мен комиссия мүшелері де – бәрі дайын. Тек Ақұштап апамыз кешігіп жатыр. Мұндайда уақыт дегенің өте қояр ма? Қолымыздағы сағатымыздың тілдері бір орнында тоқтап қалғандай жылжымайды. Ұшақтың да қонатын уақыты болған. Ал, апамыздың телефоны байланыс аясынан тыс жерде. Мен не істерімді білмей дәлізді кезіп кеттім. Бір кезде Ернарын жаныма келді де:

– Нүреке, сабыр сақтағайсың! Ұшақ 40

минутқа кешігіп қонады екен. Жана аэропортқа хабарласып білдім. Уайымдама, бәрі жақсы болады, – деп сабырға шақырды. Досымыздың мына сөздерінен кейін уайымымыз сейіліп, сабамызға түскендей болдық. Осындай қысылтаяң сәттерде жанында демеу болатын жанашыр жолдасың болғанға не жетсін?!

Ақұштап апамыз ұшақтан түсе сала әуежайдан тура университетке келді. Сөйтіп жеке өзімнің қорғау сағатым да басталды. Бар күшімді салып, қал қадірімше қорғап шығуға тырыстым. Зерттеу нысаным – Ақұштап апамның өзі арнайы келіп қатысып отырғандықтан, маған өте ауыр соқты.

Зерттеу тақырыбыма сәйкес, қоғам қайраткері А. Бақтыгерееваның публицистикасына ғылыми түрде кеңінен талдау жасай отырып, ақынның ұлттық таным тақырыбында баспасөзде жарияланып келе жатқан мақалалары мен шығармаларын «Публицист мақалаларындағы туған жер, ауыл, Отан тақырыптарының мәні мен маңыздылығы», «А.Бақтыгереева публицистикасындағы әйелана және қыздар тақырыбы мәселелері», «Қоғам қайраткері публицистикасындағы ұлттық құндылықтар мен мәдениет, ұлттық тәрбие және ұрпақтар үндестігі – ұлттық танымның ажырамас бөлшегі ретінде» секілді бірнеше тарауларға жіктеп жазғанмын. Ғылыми жұмыстың алғашқы тарауы бойынша публицисттің туған жер, ауыл, Отан тақырыптарында жазылған мақалаларына жеке-жеке тоқталып, баяндап тұрғанмын. Кезек ақынның «Ақ Жайықтың көз жасы» атты мақаласына келіп, аталмыш мақаланың тақырыбын атай бергенімде, кенеттен сыртта сатырлатып жаңбыр құйып кетті. Жаңбырдың тамшылары қорғау өтіп жатқан аудиторияның терезелеріне қатты тигені соншалық, комиссия мүшелігінде отырған доцент Рита Бекжанқызы селк ете түсті. Мен тілім байланып қалғандай кібірткітеп, «Ақ Жайықтың көз жасы» деп бастаймын да, әрі карай ештеңе айта алмай, тоқталуым керек



мақаланың тақыбырын қайталай беремін. «Ақ Жайықтың көз жасы» деп бір емес, үш рет қайталаппын. Осыны байқаған, артымда отырған Ернарын: «Нұрсұлтан!» деді дауысын қаттырақ шығарып. Сонда ғана есімді жидым. Өң мен түстің арасындай болған сол сәтте өзім де не болып, не қойғанын түсінбедім. Абырой болғанда, есімді тез жиып, аяғына дейін тоқтамастан айтып шықтым.

Комиссия мүшелері тарапынан сұрақтар қойылды. Бір ғана сұрақтан мүдірдім. Мемлекеттік комиссияның мүшесі, Филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Зейнолла Мүтиев ағайымыз өз пікірін айтты. Тұмысынан текті, дегдар, сыпайы жан Зейнолла Жақсылықұлы ғылыми жұмысымды барлық жағынан талдап берді. Әділ бағасына қатты риза болдым. Ал, университет басшылығы атынан сөз алған оқу орнының тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Түймеш Малбағарқызы бұл ерекше қорғау екендігін айтып, диплом қорғау жұмысына зерттеу нысанының қатысуы бұрын-соңды тарихта болмағанын жеткізді.

Кезек Ақұштап Бақтыгерейқызына келгенде, апамыз ұлттық идеология, ұлттық таным және ұлттық тәрбие мәселелері тұрғысынан кеңінен ой толғады. Аудиторияда отырғандардың бәрі ұйып тындады. Мен туралы да жақсы пікірлер айтты.

– Енді Ақжайық жыламайды, жыламауға тиіс, – деді Ақұштап апа сөзінің соңында, – Жайықтың осы уақытқа дейінгі көрген қорлығы жетеді. Енді Ақжайық жыламасын деп тілейік!

Құдайдың құдіретін қараңыз, Ақұштап апам осы сөздерді айтып бола бергенде, сыртта құйып тұрған жаңбыр да тоқтай қалды. Мен «Ақ Жайықтың көз жасы» мақаласына келгенде аяқ астынан жауа жөнеліп, Ақұштап апам: «Енді Ақжайық жыламайды, жыламасын деп тілейік!» деген кезде ғана тоқтаған жаңбырды

жәй ғана сәйкестікке, болмаса тылсым құдіретке баларымды әлі күнге дейін білмеймін... Әлде сол күні Ақжайық шыныменде тебіреніп, жылады ма екен?!

Қорғау аяқталған соң, естелік суретке түстік. Ернарын Ақ апамызбен жеке суретке түскісі келіп еді, ақын қарсы болмады.

– Бұл – Ернарын деген жігіт, – деді апа бәріміз топталып суретке түсуге ыңғайлана бергенде досымды нұсқап, – Нарында туған Ернарын бұл. Ауылына барып мұғалім боламын дейді. Алла қаласа, үш жылдан кейін директор болады.

Ернарын бұл сөзді естігенде мәз болды. Оқытушылардың алдында ұялыңқырап та қалған секілді. Мен де Ақұштап апамның досыма назар аударғанына қуанып қалдым.

Ақұштап апамызды үйіне жеткізіп салып шыға бергенде, бағанағы жаңбыр қайтадан құйып бермесі бар ма? Ернарын екеуміз паналарға жер таппай, жақын жердегі мешітке қарай жүгірдік. Оған жетеміз дегенше үсті-басымыз малмандай су болды. Мешіттің есігінен кіре бергенде қарсы алдымызда тұрған найб-имам:

– Бұл – «ақ жауын» деп аталады. Тамшылары кәдімгі жаңбырдан бөлек, үлкенірек келеді. Біздің Оралда мұндай жаңбырдың жаумағанына көп болып еді. Ақ жауын шын ниетімен тілеген адамның тілегі қабыл болғандығын білдіреді. Бүгін сондай бір адамның ниеті қабыл болған екен. Оның үстіне, қасиетті Рамазан айы ғой, – деді қасында тұрған кісіге. Менің ойыма бірден Ақұштап апамның қорғауда айтқан: «Енді Ақжайық жыламасын деп тілейік!» деген сөзі түсті. Ернарын да соны түсінгендей: «Апамыздың тілегі шыныменде қабыл болғай!», деді қос қолымен бетін сипап.

Ертеңіне Ернарын «Сабыр Адай поэзиясындағы метафоралардың қолданылу ерекшеліктері» тақырыбындағы дипломдық жұмысын өте жақсы бағаға қорғап шықты.

Қалада бір күн аялдағаннан кейін Ер-



нарын бауырымыз өзінің отбасына қонаққа шақырды. Қарсы болып едім, диплом табыстау салтанатына әлі бақандай он бес шақты күн бар екендігін алға тартып: «Ата-анаммен жақынырақ танысасың, қонағым боласың», деп дегеніне көндірді. Сөйтіп, досымыздың ата-анасымен танысқанбыз да, Ғиылмановтар отбасына сүйсіне қарағанбыз. «Сырт көз – сыншы» емес пе, қазақы қалыптан айнымаған, жанұя жарастығынан танбаған әулет кім-кімді де болмасын сүйсінтпей, таңдай қақтырмай қоймасы анық. Біз де сүйсіндік, мейірлене, таң қала қарадық. «Шаттығы шалқыған шаңырақтың қуанышқа толы күндері көп болсын» деп ішімізден дұға етіп, тіл-аузымыз тасқа дедік.

Зеленов ауданы, Достық ауылында тұратын досымыздың ата-анасы Шернияз әкеміз де, Гүлнар анамыз да – өте қарапайым жандар екен. Аузын ашса, жүрегі көрінетін аңқылдаған кісілер. Асты-үстімізге түсіп, бәйек болды. «Тәрбие – тал бесіктен» деген сөз рас екен, бауырымыздың жақсы азамат болып ер жеткендігі сол тал бесігі – отбасынан алған тәрбиеден екендігі көрініп-ақ тұр. Бір қарасаңыз, алақандай ғана ауылда өмір сүріп жатқан қазақтың қарапайым, шағын ғана отбасы. Бірақ, осы отбасындағы сыйластық пен ауызбіршілікті, береке мен бірлікті, өзара түсіністік пен жарасымдылықты бүкіл қазақ еліне үлгі етуге болады. Досымыздың отбасы болған соң, мақтағанымыз емес. Шынында да, Шернияз әкеміздің әулетіндегі отағасы мен отанасы, әке мен ұл, ана мен бала арасындағы ерекше сүйіспеншілік көз тойдырмай, көңіл толқытпай қоймайды.

Ернарын досымыздың әулетіне келгелі, әсіресе, Шернияз әкеміздің әңгімешілдігіне таң қалумен келеміз. Әкей әңгімені жәй айтпайды, әріден тарқатып айтады. Бір өзі – тұнып тұрған шежіре десек те болады. Арғы-бергі тарихты майын тамыза әңгімелегенде, өзіңді құдды сол оқиғалардың ортасында жүргендей сезінесің. Тыңдай бергің келеді. Мамандығы бойынша

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі де емес, тарихшы да емес ағамыздың халқымыздың тарихы мен шежіресін бес саусағындай тарқата айтқанда, еріксіз басыңды шайқайсың. Бірде «Аттасыңыз туралы не білесіз?» деген сұрағымызға ақын Шернияз Жарылғасұлының Баймағамбет сұлтанға айтқан: «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма, Жамандар біз байғұста заман бар ма?» деп басталатын ұзын-сонар жырын мүдірмей жатқа айтып беріп таң қалдырған. Әкеміз кітапты да көп оқиды екен. Оның үстіне, домбыраның құлағында ойнап, халық әндері мен жыр-термелерді нақышына келтіріп орындайтын әншілігін қосыңыз. Бұдан бөлек, қолынан келмейтіні жоқ ісмер адам. Ернарын бауырымыздың да қолынан кітап түспейтіндігі, домбыра шертіп, ән айтатындығы – әке қанымен келген қасиет екендігі көрініп тұр.

– Құрылыс саласында бригадир болып босқа қор болып жүрсіз ғой, әке, – деймін Шернияз ағамызға.

– Маңдайыма бұйырғаны, пешенеме жазылғаны осы шығар, балам, – дейді әкей, – Еш нәрсеге өкінбеймін. «Бәз біреулерге ұқсап неге шенеунік болмадым?» деп те тағдырымды жазғырмаймын. Бастысы, не тапсам да маңдай теріммен, адал еңбегіммен келсе болды. Қос ұлымды қатарынан қалдырмасам, дастарқандағы наным адалынан болса, менен асқан бақытты әке жоқ.

Бұл сөздер – әкеміздің жүрегін жарып шыққан ақ адал пейілі, риясыз тілегі еді.

Айтпақшы, Шернияз әкеміз бен Гүлнар анамыз досымыз Ернарынның дүниеге келуін сегіз жыл бойы асыға күтіпті. Бала кезінен аңыз-әңгімелер мен қисса-дастандарға, жыр-термелерге қанық болып, үлкендердің әңгімесімен сусындап өскен Шернияз ағамыз көп күттірген, қасиетті Нарын жерінде дүние есігін ашқан тұла бойы тұңғыштарына «Махамбет пен Исатайдың жолын жалғап, сондай тұлғалардың ізі қалған киелі Нарынның атын шығаратын ер болсын» деп ырымдап, «Ерна-



рын» қойыпты (Ғиылмановтар әулеті Бөкейорда ауданының Құрманғазы ауылында дүниеге келген, Достық ауылына 2005 жылы қоныс аударыпты – Н.М.).

Осы Ернарынын перзентханадан үйге шығарып әкелген Ханшайым жеңгесін Шернияз әкеміз домбырасын қолына алып, сол жылдары бүкіл оралдық жастардың аузынан түспей жүрген Ақұштап Бақтыгерееваның: «Не десем екен, не десем, Күлімдеп тұрған жеңешем» деп басталатын «Жеңешем» әнімен қарсы алыпты. Сәйкестік дегенді қойсаңызшы, бұл күндері сол Ақұштап апасы Ернарынды өз баласынан кем көрмейді.

Досымыздың үйіне келген соң, аяқ астынан ауырып, қалпақтай ұштық. Жаңбырдың астында қалғандықтан болар, «қатты салқын тиген» десті дәрігерлер. Көлік қағып кеткеннен кейін оңбай қалған денсаулығымыз болмашы нәрсеге сыр берді. Басымызды төсектен көтере алмай қалдық. Күні-түні жөтел бір тоқтамайды. Осы сәттерде Ернарын ата-анасымен бірге қамқор болды. Қатты уайымдады. Түнімен екі көзі төрт болып ұйықтамай, менің көзім ілінгенше күзетіп отырады. Ояна қалсам, «Бір нәрсе қажет пе?» деп жетіп келеді. Мен оның отбасын әуреге салғанымға қатты қысылдым. Тезірек аяққа тұруға тырыстым.

Біз Ақұштап апамызбен жиі хабарласып, үйіне соғып тұрдық. Сондай күндердің бірінде ақын Ернарынға уәде еткен «Ақ шағала» кітабын қолтаңбасымен сыйға тартты. Алматыдан досымыз үшін арнайы алдыртыпты. Тағы бір күні жазғы демалысқа келген немерелерін алып, Бөкей орда ауданының Хан ордасы ауылына жол жүргелі жатқанын жеткізді. Немерелеріне Бөкей ордасы тарихи-музей кешенін көрсету үшін. Біздің де барғанымызды қалаған. Бірақ, біздің ауымыз берік болғандықтан апамызға артық салмақ салғанды қаламадық. Оның үстіне, жол алыс, 8-9 сағат жүруге тура келеді. Қазталов ауданынан кейін тас жол жоқ. Ойқыры мен шұңқыры көп. Осыны ойлап, ораза-

мызды бұзып аламыз ба деп қорықтық.

Бірақ, дәм тартса, жібермейді екен. Ораза аяқталып, айттың алғашқы күні Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Мирболат Ерсаев бауырымыздың арқасында Хан ордасына жол тартып кете бардық. Мирболат – жас та болса, өте білікті жігіт. Бүкіл жол шығынымызды көтеріп, сапарымызды оңынан ұйымдастырып берді. Сөйтп, Ақұштап апамыздың соңын ала біз де жеттік. Ауыл басшылығы құрметті қонақтарды шығарып салып болып жатыр екен. Хан ордасына барар жолда кездескен қызықтарымыз, қандай қиындықпен жеткеніміз – ол бір ұзақ, өз алдына бөлек әңгіме.

Осы ауданның Құрманғазы ауылында туған Ернарын аталмыш музейге ертеректе, 4-ші сыныпта оқып жүрген кезінде келіп көрген екен. «Одан бері он бір жыл өтті, көп нәрсе өзгерген шығар», – деді Ернарын ауылға жете бергенде. Мен болсам қасиетті өлкеге алғашқы рет аяқ басқалы отырмын. Хан ордасы ауылында музей директоры Ғайса Темірболатұлы құшақ жая қарсы алды. Ауылға кештете жеткен біз сол күні тынығып, ертеңіне тарихи жерлерді аралауға шықтық. Ауыл әкімі Медет Исаұлының өзі жанымызға еріп жүрді. Өте қарапайым, кішіпейіл жан екен. Махамбет пен Исатай, Жәңгір хандардың ізі қалған киелі мекен бізді ерекше сезімге бөледі. Көптеген тарихи оқиғалардың тірі куәгері болған Нарын құмы талай сырды бүгіп жатқандай көрінді бізге. Сағи және Сүлеймен әулиелер, Жәңгір хан, Дәулеткерей Шығайұлы, Мұхаммед-Салық Бабажанұлы бабаларымыздың басына барып зиярат еттік. Жоқтан бар жасап, тарихи-музей кешенге жәдігерлер тауып, оларды көздерінің қарашығындай сақтап келе жатқан Ғайса ағамыз бастаған музей қызметкерлеріне алғыстан басқа айтарыңыз жоқ, ерен еңбектеріне еріксіз басыңызды иесіз.

Тамақтануға отырған, болмаса босаған кездерімізде талай әңгімелер айтылады.



Ауыл әкімі мен музей директорының аузынан көптеген жақсы әңгімелер естиміз. Ауыл өмірі мен тыныс-тіршілігінен хабардар боламыз. Өткен-кеткенді айтып, тарихтан сыр шертеді басшы ағаларымыз. Ауыл адамдары болса, кеше ғана келіп кеткен Ақұштап апамыздың сапарын жыр қылып айтады.

– Нұрсұлтан «бөтенсіді» деп ренжімес. Ернарын – өзіміздің ауылдас бауырымыз ғой. Інімізді өзімізге жақын тартып, «Нарын» деп атай берейікші, – деді кешкі ас кезінде Ғайса ағамыз, – Есіміне қарағанда, бұл да тегін жігіт болмаса керек.

Несіне ренжиін? Түк те ренжігенім жоқ. Керісінше, қуандым. Ауылдас ағалары інілерін жатырқамай бауырларына баса білгені үшін. «Нарын» деп еркелетіп, қанаттарының астына алғаны үшін. Осылайша, Хан ордасы сапарынан үлкен әсермен оралдық. Бұл досым үшін де, мен үшін де жүрегіміздің төрінен мәңгілікке орын алатын ерекше сапар болды.

Хан ордасынан оралған күні Ақұштап апамыз айттың құрметіне деп асқа шақырды. Ернарын екеуміз сапарымыз туралы айтып тауыса алмадық. Ақ апамыз бұл жолы да тағылымға толы мол әңгімелер айтты. Ас ішіліп болған соң, немересі Исатаймен ақын апамыздың мұрағатын қарадық. Ақұштап апамыздың қолжазбалары, өлеңдері мен мақалалары, түрлі газет қиындылары, ақынға жазылған хаттар, қалды жастық шағынан сыр шертетін суреттері – бізді сол шақтарға жетелей жөнелді. Әсіресе, ақын Фариза Оңғарсынова апамызбен түскен суреттері көп-ақ екен. Әр қолжазбаның, суреттің, өлеңнің өзіндік тарихы бар. Ақын апа солардың біразымен бөлісті. Ернарын екеуміз кетерімізде естелікке деп бір-бір суреттен сұрап алдық. Ернарын Ақұштап апаның жас кезіндегі суретін, ал, мен Фариза апамызбен түскен суретін алдым. Апа Ернарын алған суретке: «Ернарын балам, еске алып жүргейсің. 27.06.2017 жыл, Орал, диплом қорғау» деп, маған берген суретіне: «Балам Нұрсұлтанға.

Фариза екеуміздің жасдәурен жылдарымыздан естелік. 27.06.2017 жыл, Орал, диплом қорғау» деп қолтаңбасын қойып берді. Екеуміз де мәзбіз.

Екі күннен кейін диплом табыстау салтанаты болды. Дипломымызды алғаннан кейін жүгіріп Ақұштап апамыздың үйіне келдік. Апа профессорлық мантиясын киіп шықты, біздің үстімізде – студенттерге арналған мантия. Естелік суретке түстік. Ақұштап апа батасын беріп, қолымызға көрімдігін ұстатты.

– Мұндай тарихи әрі бақытты сәт – кез келген студенттің басына бұйыра бермейтін бақ, – деді Ернарын көңілі толқып, – Бұл күн ешқашан ұмытылмайды және қайталанбайды.

Шынында да, сол минуттар енді қайталанбайтын қымбат сәт еді.

Тек сол минуттар ғана емес, Ернарын досымызбен өткен әрбір сәттеріміз қымбат болатын. Әр жерде емес, тар жерде туған достығымыздың орны тіптен бөлек. Жүзі нұрлы бауырымыздың дос дегенде аңқылдаған алабөтен аппақ көңіліне дүниенің байлығы тең келе қояр ма екен?

«Жүзі нұрлы» демекші, Ернарынға жас та, кәрі де үйірсек. Біз оған талай рет куә болғанбыз. Көшеге шыға қалсақ, оны кішкентай балалар қоршап алады. «Бір нәрсеге жетпей тұр еді» деп, қиылып тиын сұрайды. «Не аласың?» дейді досымыз. «Сағыз, балмұздақ, тәтті су» деп шулап қоя береді балалар. «Темекі алайын деп тұрған жоқсыңдар ма?» деп сұрайды тағы да досымыз. «Жоқ», дейді балалар. Ернарын олардың қолдарына тиынды ұстатады, өзі алыстан бақылап тұрады. Балалар дүкеннен балмұздақ, сағыз алып шыққан соң, көңілі орнына түседі. Мұндай жағдайлар бір емес, әлденеше рет қайталанған. Мен: «Бұл балаларды танысың ба?» деп сұраймын. «Жоқ», дейді досымыз. Мен езу тартамын да қоямын. Болмаса үлкен кісілер жанында басқа адамдар тұрса да, дәл осы Ернарыннан келіп көмек сұрайды. «Балам-ай, мына ауыр сөмкемді көтерісуге көмектесші». «Ұлым-ау, мені жолдан өткізіп жіберші». «Балам, маған



автобуска мінуге жәрдемдесші», дейді немесе аялдамада тұрғанымызда.

– Неге менен, болмаса басқа біреуден емес, дәл сенен көмек сұрайды, – деймін осындай оқиғалардың куәгері болып жүрген мен ренжіген кейіп танытып.

– Білмеймін, өздерінен сұрасаңшы. Өзің айтқандай, жүзім жылы шығар, – дейді Ернарын әзілге айналдырып. Шынында да, досымыздың жылы жүзінен мейірім төгіліп тұрады. «Жүзі игіден түңілме» демей ме атам қазақ?!

Тағы бір оқиға. Ернарын педагогикалық практиканы қаладағы №22 мектептен өткен. Бесінші сыныптың оқушыларына сабақ берген. Сол сыныптың оқушылары бірі қалмай күнде досымызға хабарласып тұрды. «Ағай, диплом алдыңыз ғой, енді біздің мектепке жұмысқа тұрыңызшы. Өзіңізді қатты сағындық», деп жалынады олар. Әсіресе, Айша атты оқушы қыз досымызды қатты үгіттейді. «Ағай, мен сізге берген уәдемде тұрып, қыздарға тиіспейтін болдым. Сабағымды да жақсы оқып жүрмін», деп хат жазады тағы бір ер бала. «Білмей жүрсек, өзің дайын тұрған ұстаз екенсің ғой», деп күлемін мен. Ернарын жауап орнына жылы жымияды.

Расында Ернарынның адалдығында шек жоқ. Адамға көмектесуге дайын тұрады. Ешқашан «жоқ» деп айтпайды. Адамгершілігі мол. Біздің де жүректерімізді мәңгілікке табыстырған осы адамгершілік деген сиқыр мінез, сырлы қасиет болатын. Осындайда Ресей жазушысы Анатолий Кимнің: «Қазір адам көп. Өкінішке қарай, адамгершілік ақырын-ақырын адам жүрегінен алыстап кетіп барады. Қандай қасірет, Құдай-ау?» деген сөзі еріксіз еске түседі. «Қиналғанда қол ұшын созып, сырыңды, мұңыңды айтатын жан досың болмаса, адам болып өмір сүрудің қажеті жоқ» деген екен дала данышпаны Әбу Насыр әл-Фараби. Мәселе, достың санында емес, сапасында. Десе де, адами және рухани құндылықтар, достық, сыйластық деген ізгі қасиеттер арзандап, ақша

басты орынға шыққан, қоғамды нарық, сананы тұрмыс билеген мына заманда алғаусыз дос болудың өзі сынға айналғаны жасырын емес...

Ернарынның тағы бір ерекше қасиеті – қолынан кітап түспейді. Сәл босай қалса ғана болды, кітап парақтай жөнеледі. Хан ордасына бара жатқан сапарымызда да көліктің ішінде отырып кітаптан көзін алмаған. Сосын әзілдің түбін түсіреді. Бастысы – орнымен әзілдейді. Бір кісідей домбыра шерттіп, ән айтатын серілігі тағы бар. Суырыпсалма өлеңге де жүйрік досымыз. Табан астында төрт қатар өлеңді суырып салып құрастырып, талай рет күлкіге қарық қылған. Ернарын айтса, тек шындықты айтады. Жағымпазданып, өтірік сөйлеуді білмейді. Жақсы көрсе, шын жақсы көреді, көңіліне бірдене жақпаса, жасырмай жайып салады. Ернарынның жасы кіші болғанмен, мен оның жанында жүріп көп нәрсені үйрендім. Өлі де үйренерім көп екендігі шындық.

Диплом алумен бірге менің Орал қаласындағы сапарым да соңына жетті. Екі ай бойы жұбымыз жазылмай бірге жүрген, аз ғана уақыттың ішінде жан достарға айналған біздерді өмір екі арнаға бөліп жіберді. Ернарын ауылындағы мектепке ұстаздық қызметке кетті. Оған Орал қаласының өзіндегі мектептерден біраз ұсыныс түскен. Ақұштап апамыз да қалада қалуға кеңес берген. Бірақ, досымыз: «Менің Ақұштап апамнан қай жерім артық? Ақ апамыз да сонау Алматыны қиып, туған жерінде үлкен істер тындырып жүрген жоқ па? Мен де ауылдан бастаймын. Өзім оқыған мектептің білім деңгейін көтеруге атсалысқым келеді», деп алған бетінен қайтпай қойды. Ал, мен болсам, ғылымның соңына түсемін деп басқа қалаға кеттім. Біз қимамай қоштастық. Бірақ, біздің мәңгілікке табысқан дос жүректеріміз мұхит асып кетсек те суымайтындығына, бір бірімізге келгенде соғысынан жаңылмайтындығына сенімді едік.

... Иә, расында да, достық әр жерде емес, тар жерде туады екен...



Сағат ӘШІМБАЕВ

«...әдебиет жалатқу публицистика емес...»

*...алтысқа жеткен адамның
жиырма жылы ұйқыға,
оның бес жылы түс көруге кететін көрінеді.
Сағат Әшімбаев*

Қалағанын бере алмай тәмам көптің,
Жаман боп тұр көңілім, жаман боп тұр.
Қалам менен қағаздың қарғысына
Қалатындай қайтерсің заман боп тұр.

Жаңа-жаңа жүргендер жаға басып,
Жанды алқымнан алады жағаласып.
Көркемсөзді жайлау деп мамық сүйреп,
Тауға беттеп барады кара басып.

Соры қалың болды екен оның нағып,
Түс көреді төсекте момын халық.
Құлын жырдың еті емес, көбігімен
елді алдаймыз,
Ой болса орындалып...

Көп қабатты үйлерге көп қарадым,
Шамы жанған шаңырақ жоқ, қарағым.
Жұлдыз – мұңлы,
Ой – жүдеу,
Дүние – сұлық,
Дегендей-ақ жөн шығар тоқтағаның.

Күрсінгендей болады күрең далам,
Күрсінісін қуат жоқ білер маған.
Сарғыш тартқан Сағаттың кітабымен
сырласайын, қол созып жібер, балам...

Жарас СӘРСЕК



Бұрынғы-соңғы мен ілгергі-кейінді қазақ ақындарының ішінде әзірге Абайдан асырып ұлттық мінезіміз бен психологиямыздағы, тіршілігіміздегі кейбір тоғышарлық қылықтарымызды әшкерелеп берген ақын туған емес, туса да болған емес!



«Жұт жеті ағайынды» дегендей, рухани жұт-тоғышарлық – одан да көп, нағыз «қызыл көздің» өзі. Енді сол «ағайындарының» түр-түсі қандай? Олар: көзқарастағы тайыздық, мінездегі өзімшілдік, дүниетанымдағы дүмшелік, сезімдегі желбуаздық, сөздегі екіұштылық, ниеттегі арамдық пен ашкөзділік, көңілдегі көрсоқырлық пен пейілдегі тарлық, көкейдегі тойымсыздық, жүрістегі сұйықтық, позициядағы самарқау бейтараптық, әрекеттегі жалтақтық, қарым-қатынастағы есеп пен пайдакүнемдік, принциптегі солқылдақтық, мақсат-мұраттағы жер бауырлаған ұсақтық, сенімдегі немқұрайдылық. Осының бәрі тоғышарлық «аурудың» басты-басты симптомдары. Сондықтан да бұларға қарсы күрес азаматтық жауапкершіліктің бірден-бір негізгі шарты болуға тиіс!

Жалпы, сол дәуірдегі дара туған, дара тұрған ұлы Азамат Абай жанына өз кезіндегі жамандық атты анайы құбылыстың бел баласы тоғышарлық пен немқұрайдылық аз батпағаны белгілі. Содан да болар ол «қаны қара бір жанмын, жаны жара» деп ашына айтуға еріксіз мәжбүр болған. «Ой кіргелі тимеді ерік өзіме» деп өзі айтқандай, Абайдың өз уақытының ұлы ойшыл азаматы ретінде тоғышарлыққа қарсы күрестен бойын аулақ сала алмауы заңды да еді. Оның осы күрескерлік-азаматтық бағытынан ешбір таймауы бүгінгі біздерге үлгі етіп үкілеп ұстайтын аса қастерлі қасиеті деп білеміз. Әрине, ұлы Абай қанша күрескенмен тоғышарлықты жалғыз өзі жеңуі мүмкін емес еді, сөйтсе де тоғышарлықтың да Абайды мысқалдай болса да жеңе алмағандығын өнеге ретінде айтуға тиіспіз.

Біз әдетте Қазақстан территориясының үлкендігін басқаларға елестету үшін оған Батыс Европаның пәленше мемлекеті сыйып кетеді деген шартты салыстыруға жиі жүгінеміз. Біздіңше бұл салыстыру ешқандай да азаматтық және патриоттық сезімдерді оятып, оны тәрбиелемейді. Ендігі жерде республикамыздың рухани

мәдениетіне қанша елді сыйындырып, қанша жұртты сүйіндіріп отырмыз деген фактілерге жүгінуіміз керек.

Еш уақытта да жердің үлкендігі ұлттық сана-сезім үлкендігінің үлгісі болған емес және болмайды да!

Кітапқа деген көзқарас әдебиетке, тілге деген көзқараспен тікелей байланысты. Өйткені әдебиет тіл арқылы жасалады да, ал тіл сол әдебиет арқылы дамып отырады. Демек, әдебиетке деген сүйіспеншілік ана тілге деген ұлы махаббатпен ұласып жатқан сабақтас ұғымдар. Бірі жоқ жерде екіншісінің болуы мүмкін емес. Ал екеуіне деген сүйіспеншілік азаматтықтың басты факторы боп саналады.

Бір сәт ойланып көріңізші, шынында да, тіршілік атаулы тілден басталмай ма?! Тілсіз жерде тіршіліктің мәні де, сәні де жоқ екендігін дәлелдеп жатудың өзі артық. Олай болса, тіл – тіршіліктің тірегі екендігі ешқандай да дәлелдеуді қажет етпейтін ұлы аксиома! Жердің сәні ел болса, елдің сәні өз тіліне деген шынайы сүйіспеншіліктен көрінетіндігіне «көзі ашық, көкірегі ояу» адам таласа қоймас. Сол сияқты тілге деген немқұрайдылық айналып келгенде, болашаққа деген немқұрайдылық...

Азаматтық пен адамгершілік! Бұлар бірінсіз бірі жоқ біртұтас ұғым. Тіпті бұл екеуі бір-бірінен бөлуге келмейтін түп негізі бір егіз ұғым. Немесе олар бір медальдың қос беті десе де болады. Нағыз азаматтықтың қуат алар қайнар көзі, арнасы терең адамгершілік болса, ал адамгершіліктің ақшаңқан апогейі азаматтық екені анық. Ал, екеуінің өзара бірлігінен саналылықтың ең жоғарғы сатысы күрескерлік сезім немесе патриоттық сезім келіп шығады.

«Азаматтық формуласы» атты мақаласынан, 1983 жыл.

Рухани мәдениет қазынасына жататын асыл мұраның бірі әдебиет екені мәлім. Өйткені



әдебиеттің атқаратын эстетикалық, этикалық орасан зор қызметіне ештеңе де теңесе алмайды. Тәрбиелік, тәлімдік һәм өмір танытушылық мәнін былай қойғанда, халық мерейін қаншама көтеріп тастайды десенізші!

Сын туралы сөз – алдымен әдебиет туралы сөз болу керек. «Сынның дәрежесі – жалпы әдебиеттік білімнің дәрежесін көрсетеді». Бұл – А.С.Пушкиннің концепциясы. Бұл пікір бүгінде аксиомаға айналып кеткен.

Сын – әдебиеттану ғылымының фундаменті. Әдебиет адамтану ғылымы десек, сын әдебиеттану ғылымының философиясы.

Әдебиет халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан этикет, этикасы болса, сын сол халықтың эстетикасы. «Сын даму, қозғалыс үстіндегі эстетика». Яғни, В.Г.Белинский сынның қозғалыс, даму үстіндегі эстетика екендігін осылай талғаған.

Сыншы әдебиет процесін сырттай сырдап бақылаушы емес, әдебиет көшін байсалды, байыпты бағыттаушы санаткер санындағы қалам иесі болуға тиіс. Ол әдебиеттің алдында тұрған қиын да қызық проблемаларды ортаға салып, негізгі міндеттерді көрсетіп отыруы керек. Сондай сыншы ғана жазушылардың ойшыл озық замандасы, оқушылардың ойлы да ұлағатты ұстазы бола алады.

Сыншыға арнап жазушы кітап жазыпты дегенді әлі естіген жоқпыз, ал сыншы жазушы үшін әрі оқушы үшін жазады, былайша айтқанда, екеуінің арасындағы азулы арбитр немесе көркемдік ойдың көпірі екендігі уақыт дәлелдеген шындық.

Абайды тағылым тұту дегеніміз – Абай тағылымынан шындап үлгі-өнеге алу, тәлім-тәрбие көру. Абай айтқан жаныңа жара салар жамандықтардан, яғни кеселді әрекет, кесірлі пейіл, кесепат мінездерден бойыңды да, ойыңды

да көш бойы аулақ ұстау, оларға жол бермеу, жол бергенге сенікі жөн деп айтпау деп білеміз. Екінші жағынан, Абай тағылымына тағзым ету – Абай айтқан адам баласына тән сыры мен сымбаты тең түскен жақсы қасиеттерге «болмасақ та ұқсап бағып» оларды қастерлей білу, жақсылыққа жол ашу, парасатқа құштарлықты дәріптеу, адалдық пен шындық мүддесі жолында мүлт кетпеу, адам тағдырына аяушылықпен қарай білу, азаматтық һәм адамгершілік дәстүрлерді көзіміздің қарашығындай қорғай білу болып табылады. Қысқасы, Абай тағылымынан үйрену деген сөз өз өміріңе және өзгелерге де Абайдың көзімен әділ баға беруге үйрену, барыңды да, жоғыңды да Абай таразысына салып өлшеп көру, Абай көрсеткен кемшіліктерге кеңшілік бермеу дегенді баса айтқымыз келеді. Абайдың бізге беретіні сол, біздің одан тек батпандап ала білуіміз ғана. Абай біздің еркімізден тыс құпиясы мол құбылыс, ал біз шындап өмір сүргіміз келсе, оның еркінен тыс өмір сүре алмаймыз. Осыны ұмытпауымыз керек.

Ежелгі бір Шығыс аңызының соңында «өсек айтқанның жолын кес, сын айтқанның, шын айтқанның қолын шеш» деген ұлағатты түйін бар екен. Ойға көп нәрсені алдыратын және ойландыратын түйін.

Сын – өнер. Сын – уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы.

Сынды үлкен өнер тұтып, осы жолда барлық мүмкіндігін сарп етуді көздемеген адамнан сынға еш уақытта пайда келмейді.

Біздің түсінігімізше, әдебиет Абай айтатын «Сырты абыз, іші желқабыздың» өнері емес, таланты тасқан, адамгершілігі асқан адамның азаматтық терең парасаттылығынан туатын өнер. Яғни, талант пен адамгершілік өзара тығыз ұштасып, өзі азаматтық асыл қасиетпен астасып



келген жағдайда ғана өнер өнегеге, өнеге өлмес өнерге айналып кететіндігі күмәнсіз нәрсе. Сонда ғана сөз бен істің арасындағы алмағайып алшақтықтың жоқтығына сеніп, яғни сөзіне қарап өзін, өзіне қарап сөзін қалай сыйламай тұра аласың. Сонда ғана әдебиет ардың ісі, адамгершіліктің айнасы, азаматтықтың трибунасы екендігіне сенген үстіне сене түсетініңе дау болмаса керек.

Сонау қисыны кеткен кер замандағы бостандықты, еркіндікті, ерікті ел болуды ансаудың гимні – «Сарыарқаны» тыңдап немесе оны орындап қана қою жеткіліксіз. Сол дауылпаз күйді дүниеге әкелген адамның өзімен де көркем шығарма арқылы дидактасу, жанының құпия сырына үңілу де қажет болады.

Көркем әдебиет – кеудесі ояу, көзі ашық, көңілі жарық адам баласының қаузап тұшынар рухани талшығы. Онсыз адам жаны қапас та, нұр-сәулесіз, ойы селдір де буалдыр шөл, сезімі сіңілтір де қоңылтақ дер едік. Ендеше көркем сын да әдебиет секілді рухани талшық. Оны әдебиеттен бөліп-жарып жалқы елестетуге ешбір болмайды. Олар ажырамас өзара бірлікте. Қиюы бөлек болғанмен қисыны бір дүниелер. Үлкен сынды үлкен әдебиет тудырады.

Ойды нар кескендей батыл айту сыншының негізгі қасиетінің бірі. Онсыз қандай сыншы болмасын сынар қанат құс сияқты.

Артық айтып жіберу – жас сыншының өсу процесіне тән нәрсе. Даму түзу сызық бойымен ғана жүрмейді. Қайшылықтың өзі – маркстік философия бойынша, даму емес пе? Кезінде ұлы сыншы Д.И.Писаревтің өзі А.С.Пушкиннің ақындығына шек келтіріп сын жазбап па еді.

Жастар толқыны лек-легімен қосылып

жатпаған әдебиет айдынынан айырылып, айбары мұқалып, деңгейі тартыла бастаған теңіз іспеттес. Өйткені бүкіл әдебиетті жасаушы бір ғана автор емес. Аспан да сансыз үлкен-кішілі жұлдыздарымен көрікті әрі әсем емес пе?!

Кейде жазушы болу үшін тілді білу жеткілікті немесе ол негізгі шарт десіп жатады. Осының өзі сыңаржақты. Жазушы үшін басты кредо тіл емес, болмысында талант болып туылу бірінші фактор. Жазушыға әдеттен тыс зерделілікті, көрегендікті, сезім түйсікті табиғаттың өзі өлшеп, өте сарандықпен шақтап береді ғой.

«Қолың көтере алмас шоқпарды беліне бойлама» дейді халық мақалы. Осы мақал әдебиетке де жуық келеді. Кейбір жас прозаиктеріміз тақырыпты шамасына лайықтап таңдай алмайды. «Жылтырағанның бәрі алтын емес», талғамсыз қарайды. Алдымен автор өзі жақсы білетін, содан бір белді идеялар ұсынатын, айтпасына болмайтын тақырыпты жазуы керек екені қашаннан белгілі ғой. Бірақ осы жай жылдам ұмытыла береді. Жүректен шықпаған нәрсе қалай жүректерге жол таба алсын.

Туған босағасын сағынбаған туған жерін еш уақытта сағына алмайды. Туған жерге деген махаббаттан да адамның моральдық бет-бейнесі көрінеді. Туған жерге деген махаббаттан – туған халқыңа деген ұлы махаббат басталмақ.

Творчество – рухани сүйіспеншіліктің ең жоғары түрі.

Біздің әдеби атмосферада ұшырасып қалатын аурудың бір түрі бар. Ол болмай жатып толдым деп тоқмейілсу, ілгерілеу жолы ізденіс екенін естен шығарып алу. Биіктеу жолы – білімділік екенін ескермеу. Содан келеді де, бұдан он жыл бұрынғы дәрежесінен аса алмай жүреді.



Өлеңнің жаны сұлулық қой. Бұл атам заманнан айтылып келе жатқан ақиқат. Ал оны қайталамасқа құдіретіңіз қайсы. Сұлулық өлеңнің ғана емес, өмірдің де мәңгілік сәні. Өлең сол өмірдің үзліп түскен мөлдір тамшысы, бөлшегі.

Шын мәніндегі сұлу поэзияда искусствоның басқа салаларының элементтері қойындасып жүреді. Мәселен, сұлу өлеңдерде архитектурадағы симметрия, музыкадағы үн гармониясы, живописьтегі әрлі, нәрлі бояулар құбылысы, тағысын-тағылар болады. Бұлар өлеңге ерекше нұр, ажар береді.

Сұлулық бар жерде образ да бар. Біріншісі жоқ жерде екіншісі де жоқ. Екеуі тіпті егіз ұғым, бөле жаруға келмейді.

Ақын деген сөздің екінші мағынасы – парасатты ойдың иесі, абзал азамат, халық мұң-мүддесін сөйлеп, жоғын жоқтап, қамын көздеген ер десе де артық емес. Ақын қашан да өз көкейіндегіні халықтық ой, сезіммен қабыстыра жырлағанда, сол бұқараның атынан сөйлегенде ғана азамат атанып, есімі тарихта қалмақ. Рудакидың, Сағидидың, Жәмидің, Хафиздің, т.б. халық жүрегінде берік орын алып келе жатуының себебі осында болса керек.

Роман – әлемдік әдебиет тарихында көшбасшылық рөлге ие болған жанр. Роман салиқалы да салмақты өмір шындығын өлшеуге арналған әдебиеттің ең үлкен таразысы іспетті. Роман өмірді кең планда алып, оны тереңнен қамтып көрсетеді, ал соған сәйкес жазылу технологиясы да аса күрделі, кілті оңайлықпен қолға түсіп, тізгін бермейтін жанр.

Әдебиет халық ар-ожданының көркемдік бейнеленуі екендігі, оның этикалық, эстетикалық мұрат-мақсаттары ең алдымен әдебиетте көрінетіндігі қашаннан айтылып келеді. Бір

халықты екінші халыққа кеңінен таныстырып, оларды өзара табыстыратын, бір-бірін өзара шын пейілден құрметтеуге үндейтін, қысқасы, рухани теңестіретін өнер екені мәлім. Оның ішінде әдебиеттің көтерер жүгі, атқарар қызметі ерекше.

Әдебиет тарихы – халық тарихы. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Ендеше, халық бар жерде әдебиеттің сахнадан түсуі мүмкін емес. Әдебиетті халықтың ой-сана өсуінің, халықтың рухани дамып, кемелденуінің көркемдік тарихы дейміз. Өйткені, жалпы алғандағы азаматтық ой-сананың оянуы да, өсуі де алдымен сол халықтың әдебиетінде көрініс табады.

Әдебиет халықтың рухани асыл қазынасы болғанмен, оны жасаушы – сол халықтың арасынан шыққан дарынды да қайраткер азаматтары. Сондықтан да жеке адамдар жасаған әдебиет дүниесін мыңдар, миллиондар оқиды. Сондағы ұлағатты ойлардан өмірлік өнеге, үлгі алады. Міне, әдебиеттің құдіреті, оның әлеуметтік зор тәрбиелік мәні осында жатыр.

Жазушы көз көргендерін сол қалпында бейнелеп қана қоймайды. Өмірден алатыны, өз жанынан қосатыны анық. Былайша қарағанда шығарма жазушының идеалы мен антиидеалының көрінісі. Өйткені жазушы ең алдымен күрескер азамат. Алдаспаны – қаламы мен парықты сөз. Жазушы жаны сүйген құбылысты мадақтап, жиренгенін мансұқ етеді. Оның бұл ойы шығармада бүркеулі жататыны анық. Өйткені әдебиет жалаң публицистика емес, онда идея образға айналып кетеді.

Шығарма өміршеңдігі – жалпы әдебиет жасампаздығы. Жазушы мерейі өз кезінің рухын көрсететін әлеуметтік мәселелерді көтеруімен, бейнелеуімен тығыз байланысты. Шығармада әлеуметтік салмақ жоқ жерде оның өрісі ұзақ еместігі аян.



Пакиза АРЫСТАН

2002 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Самсы ауылында дүниеге келген. Телтай Сәрсенбеков атындағы орта мектептің 9-шы сынып оқушысы. Республикалық айтыстар мен жыр мүшәйраларының жеңімпазы.

АСЫҚҚАН АДАМ ЖОЛ ТАППАС

Жалған

Жалған өмір. Жалған уақыт. Жалған күн,
Мен де міне жалғандыққа алдандым.
Құса-мұңға берілмеймін деп жүріп,
Құшағында кетіп қаппын арманның.

Жалған әлем. Жалған бақыт. Жалған мұң,
Бүгін тағы жалғандыққа арбалдым.
Құмар басым сүйемін деп,
Жанымды
Ұға алмасын білмеппін ғой таңдардың.

Сынақ түссін, шаттық түссін басқа мың,
Өтірікке санай салам рас бәрін.

Шындық осы, бәрі жалған,
Тамшылап
Жиі ағатын көз жасымнан басқаның.

Кереметтің жиынтығы

Бұл әлемде бар керемет мың мүсін,
Адам көзін тайдыратын қалайда.
Пирамида тас қамалы Мысырдың,
Төзіміңе жете алмайды алайда.

Қалай ғана ақылымнан жұтайын?
Азығыма жарар мәңгі сөзің кей.
Ұлы іспетті қорғаны да Қытайдың,
Маған тірек бола алмайды өзіңдей.



Өмір сырын ұғындырып маған рас,
Санама сен ұялаттың сан ұғым.
Ескендірдің шырағы да жаға алмас,
Маған берген біліміңнің жарығын.

Талмадың нән өміріме мән үйе,
Уақытты сырғытса да ағын күн.
Сен бағыма еккен тәлім-тәрбие,
Шаң қаптырар үлкен бағын Бабылдың.

Өрімдей боп дүниеге жар салып,
Саған қарап бой түзегем бек алғаш.
« Артемида» кең болса да қаншалық,
Өрісіңе ешқашан да жете алмас.

Кеуденді өртеп жан ұшырған күйік мол,
Түндерің көп өзім үшін ұрланған.
Шынымды айтсам әке, әйгі биік сол-
Галикарнас биік емес тұлғаннан.

Сенен өзге бір керемет болды ма,
Көңілімнен сірә мәңгі жояр ем.
Әке, «Зевс» мүсінінің орнына,
Мен өзіңнің мүсініңді қояр ем...

Жауын дұғасы

Менде жоқтың сенде бәрі бар, сірә
Күтіп тұрмын, тоқтауыңды таусыла.
Ақ жауындар нөсеріңмен төкпелеп,
Керегі жоқ мұңдарымды аршыма!

Маңдайымнан сорғалатып көк терді,
Ұмыттыр деп жалынбаймын өткенді.
Ақ жауындар ертіп әкел демеймін,
Күз, көктемді, аппақ қысты шекпенді.

Бақыт бер деп жыламаймын.
Барымды
бағалайтын ару едім сабырлы.
Ақ жауындар асқақ болам демеймін,
Адамдардың ортасында қадырлі.

Тыңдай алсаң тілекті көр.
Өр сенім
артып тұрмын бақыттың біл өлшемін.
Тілек-тоқта! Ойнайыншы деп едім,
Мұң жиналған шалшығыңда мен сенің.

Достық

Таң атқаннан, кеш батқанша қыр құшып,
Бала едік, өскен қолға гүл қысып.
Есіңде ме, сол гүлдерге таласып,
Жиі-жиі қалатынбыз ұрысып.

Енді қайтып келмейтіндей қырға айлап,
Екі жаққа кетуші едік күн бойлап..
Біз жұлған гүл жолда солып,
Кешқұрым
біз қайтадан жүретінбіз бірге ойнап.

Одан бері қаншама жыл, сырғыды,
Бізді енді, күтпес болды қыр гүлі.
Мойындауға қанша ұят болса да,
Өзін-өзі көрсетті өмір шындығы.





Өртесе де, қос өзекті мәнді айып,
Қолын бұлғап кетті сол бір таң, ғайып.
Енді білдім, біздің достық жұлынған,
гүлмен бірге кетіпті ғой сарғайып..

Мұң – бақыт

Естімін бе? Ақын сүйер кеш мүлде
Ұнамайды. Сыр айтпаймын еш түнге.
Мен өмірді мұң екен деп ұғынып,
Ішімнен кек сақтамаймын ешкімге.

Жанбағасын үмітіңнің оты нық
Несі керек? Бәрі- бәрі өтірік.
Сыртқа өзін бақытты етіп ұстайды,
Барлық адам мұң жамылып отырып.

Жүрегінде қамап ұстап сезімін,
Көбісі жүр жалған тартып езуін.
Барлығының кеудесінде дерті бар,
Айтатыны бақыт бірақ көзі- мұң.

Ұғын, сырдан тағдырыңды ал құрап,
Ерегессе қинай түсер жанды- бақ.
Бақыт деген мұңнан ғана тұрады,
Мұңсыз бақыт- тұнып тұрған сандырақ!

Мұңайма

Мұңайма, баққа сендіріп бірден
Шапағын төкпес арай- күн.
Тағдыр дегенің менмін деп жүрген,
Еңсесін езген талайдың.

Бітті деп бәрі, тасына берме,
Қадамдарыңды аңдап бас.
Келешегіңе асыға көрме,
Асыққан адам жол таппас.

Асықпа, қалқам, өкінген көбі,
Жалған бақытты рас көріп.

Бәрінің дерлік көпірген шері,
Жанарларына жас толып.

Жылама, күнім іздеген бақыт,
Өзі де келер бір күні.
Бұл басы ғана,
Сүрінбей жатып,
Жылаудың өзі күлкілі!

Кек аламын

Қайғының жайласам да тек алабын,
Өмірдің жаға білем бек алауын.
Мен әлсіз қыз емеспін,
Жаным барда
Бәрінен өзім үшін кек аламын.

Жүрекке қайғым әкеп- суыт әнін,
Қиналып күрсінгенде құрып әлім
Қасымда бола алмаған сабырымды
Қуанған сәттерімде ұмытамын.

Әлемнен өкінішім арашалап,
Алдымнан күткен кезде жаңа сабақ
түнекке жалғыз тастап кеткен бақтан
өш алам таң шапағын тамашалап.

Қиялым тағдырыма ере гүлдеп,
Арманым орындалар. Сенемін көп.
Түңілсем мені алдаған үмітімді,
Алдаймын, мен барлығын жеңемін деп.

Бар мұңды көңіліме жиып, таңа,
Өзекті өртесе де күйік- нала.
Қырсығып, мені өтірік жек көретін,
Кек алам бұл өмірден
Сүйіп қана!





Жанар ӘБДІШОВА

1950 жылы дүниеге келген. Тұңғыш әңгімелері 1984 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Арман қанатында» атты жас жазушылардың жинағында жарық көрген. 2014 жылы «Өмір сүргім келеді», 2017 жылы «Өмір сүрсем... кеш емес» атты әңгімелер топтамасы жарық көрді. Оқырмандар жылы қабылдады. Туындылары мерзімді басылымдарда жиі жарияланып тұрады. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ҚЫЗЫЛ ШАТЫРЛЫ ҮЙ



Әбдірахым лауазымы жоғары жұмысқа орналасты. Жаңа заманның бір-бір тұтқасын ұстап қалған бірге оқыған курстастарының да ықпалы болмай қойған жоқ.

Аяқ астынан сауда орындарында көп жыл қызмет атқарған келіншегі де жұмыстан қысқартылды. Әбдірахым бір рет жоғары жақтан телефон шалса, орнында қалар еді, бірақ не ойы бар екені белгісіз, Жұмабикенің өзі көнбеді.

Бұл кезде әсем Алматы жетімсіреп, жаңа Астанаға шенеуніктердің көбі көшіп жатқан кез бір шабаданын көтеріп, Әбдірахым да кетті екі ұлы мен келіншегін қалдырып.

Үй-жайды жөндеп, сосын отбасын көшіріп алмақшы болып келісті.

Алматының шетінде ашылған қара базар үлкейе келе, «Барахолка» деген атаққа ие болып, дүркіреп тұрған кезі...

Жұмабике сол маңнан бір үй көріпті. Екі-ақ жыл бұрын алған иелері қайта сатып, қазір тағы сатылымда тұр. Қызыл шатырлы, еңсесі биік, алты бөлмелі, астындағы жертөлесінің өзі бір үй, қора-қопсысы бар, есігінің алды да кең, ауласы да атшаптырым...

Әбдірахымның жаңа жұмысына енді кірісіп, қызыл танау болып жатқанына қарамай, Жұмабике күндіз-түні телефонды безілдетіп, хабарласып, қоярда-қоймай, шақыртып алды. Мақсаты – көзіне түскен үйді көрсету. Бір жағы – біреу алып кете ме деп, жаны шығып бара жатыр.



Әбдірахымға да ұнады. Бағасы да қымбат емес, әрі салынғанына да көп болмапты. Құжаттары да тас-түйін. Әйелі бұл үйге қатысты жоспарын айтып тауыса алар емес... Бірінші – саудагерлердің қойма ретінде затын қойса, қора даяр, екінші – тұруға жалға берсе де болады, үшінші – өзі сауда жасаса да, есігі дәп базарға қараған, әрі ауласы да көлік кіруге ыңғайлы...

Ол кезде несие алу – айға қол жеткізгенмен бірдей қиын шаруа еді... Араға беделді біреуді салып алғаныңмен, «шапкесі» (үстінен ақша беру), «көмек кәдесі», қағаз толтырған операторларға беру, толып жатқан шарттарына ақша ұстап қалуы бар – шығыны да шаш-етектен, әуресі де жетерлік, құжат жинарда кірмейтін «тесігің» қалмайтын, өтемақысының пайызы жоғары, машақаты көп жұмыс болатын.

Саудада көп жыл жүрген Жұмабике несие ақшаның «кіріс», «шығысын» есептеп жіберіп: «Бұл да бір алдан – коммунизмнен үміт күтіп, «өкімет өлтірмейді!» деп, социалистік қоғамда алаңсыз өмір сүріп жүрген заңнан, саннан сауаты жоқ адамдардың нарыққа топ ете түскен кезінде, қоғамдағы ат төбеліндей банкирлердің сауаты шамалы, кедейліктен ыңыршағы айналған, жоқшылық қысқан қарапайым халықты «мәдениетті», әрі заңды түрде тонауының бір ғана көрінісі ғой...» деп ойлаған.

Осының бәрін екшей келе Жұмабикенің ақылымен, жолдастарынан қарыз алды. Айналасы бір айдың ішінде Алматының қақ ортасындағы төрт бөлмелі пәтерлерін жалға беріп, жаңа жайларына көшіп те алды.

Әбдірахым көңілі көтеріліп, айдары желкілдеп, Астанаға кетті. Сауданың майын қалқып ішіп, суының өзінен тиын-тебен жасайтын Жұмабикенің тапқырлығын білетін, оның жолы болып, мол табысқа кенелетініне кәміл сенімді болатын.

Өмірінде бірінші рет әйелінің жұлымырлығын, пысықтығын, ақылдылығын жоғары бағалап, студенттік кезден жүрегіннің түбінде құпия сақтап, сағынып жүретін, арманы болған...өзі сезімін білдіріп, сөз айтуға батылы жетпеген, сол бір қыр мұрынды, көзі мұнданып

тұратын ақ құба қызды көңіл төрінен ысырып тастап, «біздің қара қат-е-е-н жарады, басы қатты істейді!» деп, риза болды. Көңіл түкпірінде «тұлыпқа қарап, мөңірегенді қояйын!» деген тоқтам да жоқ емес...

Бірақ кейде жүрек құрғырдың сыздап, тыңдамай, «қан жылап», қатты аңсайтыны бар... «Қызым болса, атын қоярмын, еркелетіп айтып жүрермін...» деген бір құпиясы бар болатын... Бірақ балаларының бәрі ұл болды...

Қиналса, қуанса, оның аты аузына түсетіні бар... Ондайда «даусым шығып кеткен жоқ па?» деп, айналасына қуыстана қарап қалады.

Сол қызға ғашық болғанынан қалған бір белгі – осы...

Ол туралы білетіндерден ылғи сұрап, жай-күйін сыртынан біліп жүреді... Алматыға келген сайын көшеге шыға қалса, «көріп қалар ма екенмін...» деп елеңдейтіні де бар.

Бірақ ол кездеспеді...

Соның арасынша тұңғыш ұлы үйленетін болды. Олар тойхана да, кафе де іздемей, ауланы безендіріп, үлкен той жасады.

Бәрі бір шатырдың астында тұрып жатты. Келіннің аяғы ауыр екен, көп ұзамай, немерелі болды. Шілдехана, бесік той, баланы қырқынан шығару дегендей жақсылық көбейді. Соның бәрін осы үлкен үйде өткізді.

Сөйтіп жүргенде, коляскада ұйықтап жатқан құртақандай бала аунап жерге басымен түсіп кетіп, содан оңалмады. Апармаған жерлері, көрсетпеген дәрігерлері қалмады. Ақыры шетінеп кетті.

Оны жерлеп келген соң, келін ұйықтамайтын бір ауруға шалдықты. Кірпігі айқаспай, әлдекімді аңдып отырғандай, жан жағына алақ-жұлақ етіп қарап, алаңдаумен таң атырады.

Енесі мен күйеуі келіп:

– Демалшы, жатшы, – десе...

– Қорқамын. Біреу бар... Көзімді жұмсам, ол мені бас салып, қылғындырады, аңдып тұр, – дейді сыбырлап.

– Қарашы, бізден басқа ешкім жоқ, – десе, басын шайқап, көзімен бұрышты көрсетіп:



–Ол маған қарап тұр... Әне! – дейді сыбырлап.

Жұмабике тіпті адыраспанмен үйді аластап та көрді. Одан қорқынышы басылған келін болмады. Ауруханаға жатты, көп емделді, ақыры оны төркіні алып кетті. Біраз уақыт өткен соң, ол дертінен айығып, қайғысын да ұмытқандай болып, бұрынғы қалпына түскен. Күйеуі барып, алып келген.

Бір күні ол ұйқысынан оянбаған күйі бақилыққа аттанып кете барды.

Әбдірахым қабырғасы қайысып, жерлеуге келді. Келінді жер қойнына беріп, ел аяғы басылғанда, әл дәрмені кетіп, қатты шаршағанын сезді. Түпкі бөлмеге кіріп, киімін шешуге де шамасы келмей, төсекке сұлай кеткен.

Кенет, алқымынан біреу ала түскендей күй кешті. Арпалысып жатқандай болып, тынысы тарылып, әрең көзін ашты. Жүрегі дүрсілдеп, кеудесіне сыймай, аузы кеберсіп, денесін тер басып кетіпті.

Бір қара сұлба бұрышқа қарай жүргендей болды...

Ол орнынан ұшып тұрып, көзін уқалап жіберіп, бұрышқа қайта қарады.

Ешкім жоқ! Жалғыз өзі... «Фу, сайтан алғыр, жайсыз жатып қалып, бастығырылып қалған болуым керек» деп ойлады. Сағатына қараса – түнгі үш! Таң бозарып атқанша, кірпігі айқаспады. Шынымен қорқып қалыпты.

Ертеңгі шайда көзінің алды қаракөлеңкеленіп, өңі қашып отырды. «Жолдан шаршағаннан жай күйі болмай отырған шығар...» деген оймен ешкім үндемеді. Көп сөйлейтін Жұмабике де өзгеріпті, басылып кеткендей...

Әбдірахым «Қайтеді енді... жер үйде жұмыс көп қой... бір жағына шығатын мен де алыста жүрмін, әрі «осы үйге ие болады!» деп жүрген немересі мен келіннің қазасы жанына қатты батты...» деп ойлады.

Содан ол Астанаға ұшып кетті. Қарбалас жұмыспен арпалысып жүріп, қорыққаны да, шошығаны да ұмытылайын деді.

Бір шабаданмен келген қасындағы жігіттер бойдақтар сияқты «қағынып» шыға келді.

Басы бос қыз қыркынды айналшықтап, біразы қызығына батып та жүр... «Сен де қарап жүрмей, біреуін қармағыңа түсірсеңші! Өздері-ақ көздерін аударып төңкеріп, сүйкенеді. Не істесең де кет әрі емес... Отбасыңның бар екенін біле тұра, қолыңды қақпайды.

Өстіп жүре берсек, ата-бабаның көп қатын алатын салт дәстүрін де жаңғыртып қалармыз. Заң закон шығару қолымызда тұр, заңдастырып жіберсек, Алматыдағылар қыңқ дей алмайды ғой!» деген өтірік шыны аралас қалжыңдағандарға: «Базардағы саудасын бір ізге салып, балаларға тапсырып, Жұмабике келем деп еді, келін де қайтыс болып кетті. Енді қиын болды...» деп, мұңайып, жағдайын айтатын. Сол үйде ұйықтап жатып, бастығырылғалы жүрегі бір жамандықты сезгендей суылдап, тоқтамайды.

Соның арасынша хабар келді.

Үлкен ұлы қайтыс болыпты. Өз бөлмесінде кір жаятын жіпке асылып қалыпты. «Қастандық болды ма...» деп тексертіп еді, ілік болатындай ешқандай айғақ табылмады. «Жетісін өткіземіз» деп, даярланып, төсек орынның жабындыларын қағып сілкіп жатқанда, көрпенің арасынан бір жапырақ қағаз сусып, еденге түсіпті.

«Қорқыныштан өмір сүру мүмкін болмады... Кешіріңдер!» деген сөздер жазылған, маржандай тізілген ұлының жазуын таныған Жұмабике талып қалды. Әбдірахым әйелі екеуі ұлдарының неден қорыққанын қанша тексерсе де, біле алмады... Сырттан келген жау жоқ, өмірге қатер төндіретіндей қауіп те байқалмады, бәрі тыныш болатын.

Тірі адам тірлігін істейді. Жұмабике де үйден ашқан дүкенінен келушілерге оны мұны сатып, кешке мұрттай ұшатын.

Өмірінің мәні, санасындағы тіршілік арқауы, бар тірлігі – тиынға тиын, ақшаға ақша қосу және оның қомақты бөлігін долларға айналдыру.

Көтерме саудадан алып келіп, кішкене қосып сатып, пайда түсіру – бар өмірінің мақсаты болып қалды. Табысы бір тиынға кемісе, қолына түсіп тұрған олжадан айрылғандай, әлдебір қымбатын жоғалтқандай, іші удай ашиды, ол



күні жан дүниесі қоңқылдап, қабағы қатып, шытынап тұрады.

Бір сәт қолы босай қалса, баласы, келіні, немересі есіне түсіп, ботадай боздайтыны бар. Ондайда шелпек пісіріп, екі жүз теңге беріп, құран оқытады, қасиетім бар дегендерге үйді аластатады. Жан дүниесінің түкпірінде «Балам неден қорықты екен!?» деген ой маза бермейді. «Әбдірахым не істеп жүр екен? «Қанты» бар еді, барып жағдайын жасасам болар еді...» деген уайым да қылаң беріп қалатыны бар. Бірақ мынау түсіп жатқан көл-көсір табыс, мынау үй, мына базар өзін түп етектен шеңгелдеп ұстап жібермейтінін, мықтап байланып қалғанын, кете алмайтынын әлдебір түйсікпен сезетін...

Күн артынан күн өтіп, кейде тіпті аптаның қай күні екені де есіне түспей қалатын. Бірақ Жұмабикеке бәрібір, сауда жүріп, ақша түссе болды... Дүйсенбі күні ғана адам аяғы басылып, тып тыныш болған базарға қарап, бір тиын пайда түспей қалғанға көңілі қоңқылдап, іші ашығандай: «Е, бүгін бірінші күн екен ғой...» дейтін. Сол күні кедейленген халық іздегенін табатын «барахолка» қаңырап, демалатын.

Өстіп тапқан ақшаны бет жүзіне карамай, аса бір ысырапшылдықпен, дарақы жомарттықпен аямай шашатын бір кезі бар. Ол – Әбдірахыммен бірге оқитын, жаңа заманның тұтқасын ұстағандай болып, әртүрлі жауапты қызметтер атқарып, ыздиып киініп, өстіп көктен түсе қалғандай болып жүретін курстастары әлдебір себептермен үйге келген кездерде ғана...

Өзін, үйін көрсеткісі келеді, оқығандарға көрсеткен бір қыры өзінше.

Әйтпесе әрбір тиын есептеулі, өзіне де қимай қалатын кездері көп болады. Қыста үстінде қабат қабат қытайдың синтепонды қаптаған арзан киімі, қолында солардың арзан қолғабы, аяғында да солардың арзан, жылы киімі, жазда резеңке сүйретпе, арзанқол көйлек көншек...

Тіпті, қымбат тондарын, гауһар тасты алтын жүзік, сырға, алқаларын тағып баратын, көрсететін жер жоқ... Мына сауданы тастаса, бар байлықтан айрылып қалатындай, түсетін тиын тебеннен қағылып қалатындай бір күй кешетін

болды. Сөз де жоқ, теледидар көру де жоқ, бір нәрсені оқу да жоқ, туған туысқанның жай күйін сұрау да жоқ, есіл дерті – ақша, тиын тебен...

Әбдірахымның алыста жүргеніне де көндіккендей бір күйде...

Сөйтіп жүргенде, кіші ұлдың қайда жүргенін де байқамапты. Іздеп тапқанда білгені – оқуды тастапты. «Оның не?» десе, «Дипломы барлар да, жоқтар да қазір бірдей... Жұмыс жоқ! Несіне оқып, басымды қатырамын?! Қытайдың боқтығын сатсақ та өлмейтін сияқтымыз ғой...» деп қарап тұр.

Астанадағы әкесіне хабар берді. Ол келіп, сөйлесейін деп, екі күндей күткенімен, баласы үйге қонбады да, қарасын да көрсетпеді.

«Анда жүр екен, мына жерден көрдік!» деген жерлеріне барса, таба алмай, орнын сипап қалып отырды.

Сонымен баланың оқуды тастағаны аздай, нашақорлықпен айналысатыны да белгілі болды. Әбдірахым кеткен күні баласы сап ете түсті.

–Қайда жүрсің? Әкең іздеп таба алмай кетті. Сені нашақор дейді, рас па? – деген шешесінің жанайқайына:

–Ағам қайтыс болғалы, көзім ілінсе болды, біреу келіп, қылғындыратын болды. Айтатыны –«үй менікі, жай менікі, оны ешкімге бермеймін! Босат!» дейді көзі адырайып. Ояна кетсем, қара терге түсіп жатамын. Қасымда ешкім жоқ. Содан осы үйден қорқатын болдым, мама!

Кетейікші, бұрынғы үйімізге барайық! Әйтпесе, Астанаға, әкемнің қасына көшейік! Сатайықшы, мама, бұл үйді! Өзіңізге қараңызшы, қытайдың саудагер әйелдерінен айнымай қалдыңыз! «Сауда, сауда!» деп, үйде тамақ та пісірмейтін болдық. Әкем анда, басымыз да қосылмайтын болды...

Ал, мен қорықпас үшін, бәрін ұмыту үшін шөп тартатын болдым. Сіз ештемеден қорықпайсыз ба? – деді шешесіне қадала қарап.

–Несіне қорқамын! Күні бойы сауда жасап, бір тыным таппаймын. Орталықтағы үй айына екі мың доллар әкеп тұр. Ал, мына дүкеннен түскен табыс әкеңнің айлығынан үш есе көп.

Байлықтан қашамыз ба, сен қорқады



екен деп! Баланың сөзін айтасың! Бәрі сенің қамың... Оқуыңды жалғастыр. Таста анау жаман қылықтарыңды! Шамаң келмесе, емдетейін! – деді зілденіп, баласына қарап.

Ол шешесінің тесірейген көзіне бір қарады да, қолын шарасыз күйде бір сермеп, қақпадан шығып кетті. «Қайт үйге, қайда кеттің?» деп айтайын деп, ұялы телефонына қанша қоңырау шалса да, бала жауап бермеді.

«Ойпырмай, өстіп жүріп, бір пәлеге ұшырамаса болды ғой!» деп, уайымдап, ары отырды, бері отырды. Бір уақытта қарнының ашқанын сезді. Базарға тамақ жасап апарып, сатып жүрген әйелден манти, қызылшадан жасаған салат алып жеп, артынан асықпай, қаймақтап шай ішті.

Дүкенінің есігін ашайын деп кілтті ала беріп еді, біреу қолын қағып жібергендей болды. «Ой, тоба ай!» деп, еңкейіп, кілтті іздеді. Желкесінен біреу басқандай болды. «Бисмилла, бұл не болды?» деп, сілкініп орнынан тұра беріп еді, басын оңдыртпай үстелдің бұрышына ұрып алды. Қатты соғылғаны соншалық, көзі қарауытып, басы зеңіді. Ауырсынып, алақанымен басып еді, шүйдесі кәдімгідей дүмпиіп ісіп қалыпты. «Қараптан қарап жүріп, жаралы болғанымды қарашы!» деп, ол үстелдің шетіне алақанын тигізіп, ұшықтағанның ырымын жасады.

Ақыры кілтті тапты. Жоқ іздеймін деп, тінтінектеп жүргенде қатты шаршап қалыпты. Ту сыртынан бөтен көз қадалып тұрғандай, жайсыз сезінді.

Соның арасынша сыртқы есіктің қоңырауы басылды. «Бұл кім?» деп шықса, бір топ Әбдірахымның курстастары тұр. Қайтыс болған баласына көңіл айтамыз деп, Астанадан әдейі келіпті.

Жылады, сықтады, жұбатқан, сабырға шақырған сөздерін тыңдады. Олардың «қоя ғой, әуре болма, дәм ауыз тиіп кетеміз!» дегеніне қарамай, құстың сүтінен басқасының бәрін дастарханға қойып күтті. Былқылдатып жылқының етін асты. Кетерлерінде көл көсір дәмнен «жас адам, алмаймыз!» дегендеріне қарамай, «жолда жеңдер, сауабы тисін балама!»

деп зорлап, пакеттерге салып берді. «Қайырын берсін! Қалғандарына Алла Тағала жар болсын! Сабыр ет, өзіңді күт, мықты бол!» дегендей жұбату сөздерін айтып, олар аттанып кетті.

Базарда көз таныс болып қалған екі әйелді шақырып алып, азын аулақ ақшасын беріп, көлдей дастарханды жинатты, ыдыстарды жуғызды, әңгерей үйдің ішін айнадай қылып тазалаттырды. Олар кеткен соң, аса қадірлі, жоғары мәртебелі меймандар келгенде пайдаланылатын күміс қасықтарын, қымбат ыдыстарын жәшіктеріне салып, орындарына қойды. Төрге отырып, атшаптырым қонақ бөлменің өз қолымен алған қымбат жиһаздарына көңілі толып, біраз қарап отырды. Бұрыштағы сейфін ашып, алтын әшекейлерін, алқаларын, сырғаларын, білезіктерін көрді. Шешесінің орамалына бөлек орап қойған, аса қымбат гауһар тасты алтын білезігін, алқасын, сырғасын алып біраз сүйсіне қарап отырды. «Шіркін ай, қызым болса, осыларды берер едім!» деп өкінгендей бір күй кешті. Қымбат тонын, әлі бір кимеген қымбат етігін киіп көрді. Айнаның алдында көлбеңдеп, ары жүрді, бері жүрді. Жұпар аңқыған, қуыршақтай болып киінген Әбдірахымның курстастарының келіншектерін көрген соң, көңілі алабұртып, күйеуін ойлады. Саудаға кіргелі бірінші рет оны сағынғанын сезді, өз өзінен көңілі елегізіді. «Әлгі ұл қайда жүр екен?» деп мазасыздана бастады. Соның арасынша Астанадан Әбдірахым қоңырау шалды. Хал жағдайын, кіші ұл туралы сұрады. Жұмабике баласы екеуінің арасында болған әңгімені айтып берді.

–Қорқа ма екен? Неден, кімнен қорқады? Оларға не керек? Сұрамадың ба? – деді Әбдірахым дегбірі қашып.

–Жоқ, нақты ешкімді айтқан жоқ. Бұл үйге келіп, біреудің қокан лоқы жасап, қорқытып жатқанын көрмедім. Себебі күні бойы үйдемін... Біреу көзі ілінсе болды, «Үй менікі!» деп айтады дейді.

–Келмейді, үйге қонбайды, қайда жүргенін білмеймін! Товар көп қой, содан алатын болуы керек. Әйтеуір ақша сұрамайды, – деді. – Айтпақшы, мен қолға түскеннің бәрін банкіге



салып отырмын көк қағазға айналдырып. Үйде ақша ұстамаймын. Енді алтын әшекейлерімді де банкіге салып қояйын деп отырмын. Сол жер қауіпсіз сияқты, – деді.

–Мен жақында барып қалармын. Дәрігер іздеймін. Синтетикалық дәрілерді пайдаланбай, таза шөп тартса, тез айығады дейді білетіндер... Өзіммен бірге алып кетемін Астанаға. Осы жақта емдетеміз. Құдайға шүкір, сенің арқаңда каражат жетеді ғой... Жарайсың, қат е е н! – деп қойды көтермелеп, мадақтап...(өзінше нағыз қазақ болғаны). –Кедейшіліктен құтылды! Бәрі сенің арқаң! Ал, жақсы сау бол! Көріскенше! Өзің күтініп жүр! – деп трубканы қойды.

Ол сыртқы есікті тарс бекітіп, дүкеннің сигнализациясын қосып, демалмақшы болып, бөлмесіне келді. Шешініп жатуға шамасы келмей, төсегіне құлай кетті...

Ертесінде Жұмабикені кіші ұлы есіктің алдында асылып тұрған жерінен тауып алды.

Жерлеу рәсімі жүріп жатыр. Көршілер де бір қауым ел болып келіпті. Бір уақытта ақ сақалды бір шал орнынан тұрып:

–Уа, жұртым, бір ауыз сөзіме құлақ түрулеріңізді сұраймын! – деді.

Жұрт сілтідей тынып, қарияға қарап қалды.

–Біз Шығыс Түркістаннан келген ұйғыр жұрты боламыз. Жұбымыз жазылмай, осында келіп, қаланы жағалай орналасып, шетіне дегенім ғой, жай салған тұрғындар едік. Онда мына жер айдала-тын... Осы үйдің орнында екі-үш бейіт бар болатын. Бертінге шейін тұрды. Кейін жан жағынан үй салынғанымен, қорымнан алыс орналасатын... Өжеттен келіп, үлкен кісілер құран оқып кететін. Сөйлесе қалсақ: «Осы жерде жоңғарлармен ұрыста шейіт кеткен көп қазақтың, батырлардың сүйегі жатыр!» – деп айтар еді...

Байқасаңыздар – бұл үйдің айналасы кең. Бейіт болған соң, аруақтардың киесінен қорқып, ешкім жақындап үй сала алмаған.

Онда мына жер базар болып кеткен, сәбет өкіметі құлаған кез еді...

Бір күні бірнеше мәшинемен бір топ адам келді. Осы жерді көріп, ары жүрді, бері жүрді,

ары өлшеді, бері өлшеді. Көзім көріп тұрған соң, «бейіт бар!» деп ескертейін деп қастарына бардым.

Аруақтардың мазасын алған тірі пендеге жақпайтынын, оның зауалы, зардабы бар екенін, әрі бақилықтағы олардың бар күнәсі кешіріліп, қалғаны бізге, фәни дүниедегілерге – өмір сүріп жүргендерге – аманат екенін, яғни, «Өлгенге – салауат, тіріге – аманат» деген Майқы заманынан келе жатқан ескі сөзді, ата баба сөзін, тірілердің атам заманнан келе жатқан «ережесін» айтайын, есіне салайын деп барғам...

Амандастым. Ақ бастысы телевизордан көріп қалатын кәтгә шоң адам екен. Қасындағылары ұлдары екен. Өздері – төртеу. Барлығы сайдың тасындай тасындай, қарасаң көз тоймайтын жігіттер. Қастарында қоштаушылары тағы бар... Мәшинелері де күшті...

Айттым. Бірақ ана шоң кісі күліп:

–Ака, қазір өлгендерден емес, тірілерден қорқу керек! Өлгендер не істей алады!? Баратыны – қара жер! Барды – жатыр! Олардың сүйегін қопарып жатқан жоқпыз ғой... Жата берсін! Олар – астында, біз – үстінде!

«Өлдің, Мамай, құрыдың!» деген сөзді естіп пе едіңіз? Қорықпаңыз! Бірнәрсе болса, көресіз ғой, сол кезде маған айтарсыз! – деп, қарқылдап күліп, иығымнан қағып-қағып қойды.

Ішімнен «Астапыралла!» деп шошынып, кетіп қалдым.

Содан осы жерді екі үш күндей келіп, көріп, айналып жүрді. Бір күні дарылдаған трактордың даусынан оянсақ, бейіттерді жер бетінен сүріп, жермен жексен қылып, ат шаптырым жерді жып жылмағай қылып, тегістеп тастапты. Тіпті шетіне қазық қағып, қоршап қойыпты.

Біз жағамызды ұстадық. Бірақ ештеме айтпадық, олар біреуді тыңдай қоятын адамдар емес еді.

Алдымен жерді ауыр техникамен бірнеше күн тоқпақтағанын айтсақ, өзіміз де шошып кетеміз. Қара жер ауырсынып, ыңыранғандай болды... Бұрын салынған біздің үйлеріміздің сылақтары түсіп кетті, ал, ішінде жер сілкінгендей, жиһаздарымыз қозғалып тұратын.



Содан айналасы екі үш айдың ішінде осы зәулім үйді тұрғызды, сыртын биік қылып қоршады. Үй иелері көшіп келіп, кіріп те алды.

Содан үш төрт ай өтті ме, өтпеді ме, үйден шаң-шұң дауыстар шыға бастады. Ақыры ұлдар осы үйге таласып, бірін-бірі балталап тастады. Қан судай ақты. Әкелері көп жыл жаны ауыратындардың ауруханасында жатып, бертінде қайтыс болды. Шешелері балаларының артынан көп ұзамай, жүрегі ұстап, бақилық болып кетті. Содан бұл үй екі үш жылдай бос тұрды.

Туыстары сатып еді, оны алған адамдар үйдің бейіттің үстіне салынғанын естіп, қашқандай болып, арзан бағаға беріп, көшіп кетті.

Содан бері бұл үй қолдан қолға өтіп, үш төрт рет сатылды. Ешкім тұрақтамады.

Осы үйдегі қайғылы оқиғалар екі дүние арасында ешқандай байланыс болмауы керек екенін, жолдары түйіспеуі керек екенін, әрі тірілерді қалай құрметтесек, аруақтарға да сондай құрмет көрсетіп, мазасын алмауымыз керек екенін көрсетеді.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген осы екен...Бәріміз де ризығымыз біткен күні бақилыққа кетеміз. Фәни дүниеге қонақпыз.

Бұл үйде ең ұзақ тұрған көршілеріміз осы кісілер еді, жай күйі мынау болды. Жұмабике сондай бір еңбекқор адам еді, жаны жанатта, иманы жолдас болсын! Аумин! –деп, орнына отырды.

Әбдірахым үйді сата алмады. Амалы құрып, есігін құлыптап қойды.

Әйелінің жылын берген соң, жылмаңдап жиі кездесе беретін, сыңқылдап көп күлетін, ақырын сөйлейтін Саяш деген бір пысық келіншекке үйленді. Кіші ұлын алып келіп емдеткісі келген. Бірақ ол: «Алматыға барып келейін», – деп кетіп еді, сол күйі хабарсыз кетті.

Бір үйлі жаннан жалғыз өзі қалғаны Әбдірахымның жанына қатты батты. Оның үстіне қабағы салыңқы, әлденеге ренжулі Жұмабике сол базарда жүрген киімімен, кір қожалақ болып, шаршаулы кейіпте көзі ілінсе болды, қарсы

алдында тұрады. Күнде түсіне кіреді. Баласы, өзі туралы, ана қызыл шатырлы үй туралы өте маңызды бірнәрсе айтқысы келетін сияқты... Бірақ қасында жатқан Саяштан қаймыға ма, сөзін айта алмай, бұдан көзін алмайды. Оның сұп суық жанары өңменінен өтіп, жүрегіне қанжардай қадалып, жеп бара жатқан сияқты болады.

Бұл болса, жатқан жерінен тұрып, оның не айтқысы келетінін тыңдағысы ақ келеді, бірақ қозғала алмайды. Саяш көзін ашып, бұған бақырайып қарап жатқан секілді болады.

Сөйтіп жатып, шошып оянады. Қара терге түсіп, жан жағына қараса, расында да, Саяштың бақырайып, өзіне төніп, қарап отырғанын көреді.

–Не болды, сонша қорылдап? Жұлқыласам, тұрмай қойдың ғой. Көзің ашық жатыр, өзің қозғалмайсың, қорқытып жібердің ғой, – деп, жаңа алған жары бұртаңдап, жібек халатын иығына іле салып, шашы жайылып, бөксесін бұлтылдатып, жуынатын бөлмеге былқсылқ етіп кетіп бара жатады...

Қанша бірге тұрса да, екеуінің арасында бір бөтендік бар сияқты, қабысып кеткен ештеме жоқ. Сәл нәрсе болса, екеуі бір біріне секемденіп, жаңа көргендей, үдірейе қарайды...

Сөйтіп жүргенде, жүрегі сыр бере бастады. Қанша емделсе де, болмады, ақыры ажал алып тынды.

Әбдірахым мен Жұмабикенің артында қалған мол байлық туралы көп айтылды. Арманда кеткен екеуіне жаны ашыған жолдастары артында қалған жалғыз баласын, жалғыз тұяғын іздеп көрді.

Бәрі нәтижесіз болды...

Қурстастары көп жыл өткен соң, «Барахолканың» қасындағы Әбдірахымының қызыл шатырлы үйіне әр түрлі жыбырлаған кеңселер орналасқанын көрді. Астанадағы, Алматыдағы үйлерін де Саяштың сатып жібергенін естіді.

Осы байлықтың жалғыз мұрагері – кіші ұлдың қайда, не істеп жүргенін; не өлі, не тірі екенін әлі ешкім білмейді.



Молдағали МАТҚАН

Халықаралық Мұстафа Кемал Ататүрік атындағы Алтын медалдің иегері, қоғам қайраткері, публицист-жазушы, академик.



КІТАП ОҚУДАН ТҮЙЫЛСАҚ, ОЙ ОЙЛАУДАН ДА ТҮЙЫЛАМЫЗ

Келешегім, Алаш баласы!

Сіздерге айтуға міндеттіміз деп санаған, өмірлік қажеттілікті ой санаға ұтқырлықпен құйып кетуді парыз деп санаған ең өзекті өмірлік тілектер мен өсиетті өтініштеріміз өте көп. Соның бірі кітап оқудың адамзат баласына тигізетін мол пайдасының жай-жапсары жайында болатын. Соларды назарларыңызға айрықша шегелеп ұсынуды жөн санадық.

Кітап оқудан қалған ұлттың, әсіресе оның ұрпақтары орны толмас ауыр рухани жұтқа ұшырамай, азғындыққа құламай қоймайды. Демек, надан, кеше, мәңгүрт... ел, ұлттың болашағы оңбайды. Өйткені, егерде біз кітап оқудан тыйылсақ, онда ой ойлаудан да, айналамыздағы құбылысты талдау, барлау қабілеттен де, адамгершілік қасиеттен де, тіпті құнды ұтқырлық атаулының бәрінен де айырыламыз. Сонда төрт аяқты малдан адамның

айырмасы қандай дәрежеде болмақ? Азғындық пен жұтаудың сан қилы түрін бір сәтке болса да көз алдыңызға елестетіп көріңізші, ағайын. Бұл – сөз жоқ, қауіпті және өкінішті.

Кітап – адамзат баласының сан ғасырлық ақыл-ойының оқу арқылы жетілуінің, кемелденуінің арқасында қол жеткен дамылсыз даму үрдісінің жемісі, өткен тарихы мен өмірлік тағылым-танымының алтын сандығы. Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» деуі осыдан. Әлбетте кітапты таңдай білу, оны зейінді зеректікпен мұқият талдап оқи білу, ондағы сөздің, ойдың, түйінді тұжырымның құдіретін түсіну мен түйсіну, алған әсерлерді кейін өмірлік қажетіне жарата білу, бұл – әрбір адамның білігі мен білім деңгейін, пайымы мен парасатын, көреген



кемел кісілігін ұдайы шынықтыра білудің озық та ұтқыр жолдарын айқындай алатын алғы шарттарының бірі. Сонымен бірге көз жетпейтін жерге ұшқыр ой жетеді. Ал сол ойдың жүйріктігін жетілдіретін де, ұтқырлығын оздыратын да, сөзге шешендігін шынықтыратын да – кітап екені ақиқат. Сондай-ақ оқыған кітабыңдағы айтулы кейіпкерге еліктеудің өзі, тіпті автордың өзі сияқты тұлға болуға құлшыну, бұл – теңдесі жоқ құбылыс. Демек, кітап оқу, бұл – текті кісілікке, кемел адамгершілікке, кемеңгер көрегендік пен мәдениеттілікке қол жеткізу бағытында құрыштай шыңдала түсудің айтулы көрсеткіші екені хақ.

Иә, талдау, болжау, талғам, таңдау дейміз... Расында да бүгінгі жастарымыздың көпшілігінің кітап оқуға деген ниеті құрдымға құлдыраған тұста талғам, таңдау туралы, адамгершілік туралы сөз қозғаудың өзі артық сияқты. Мұның негізгі себебі неде? Бұл ел ішінде қандай өзгеріс-құбылыстың кесірінен туындап отыр? Сөздің шыны керек, бұл мемлекеттік саясаттағы ең үлкен қателік пен олқылық – осы еді. Яғни кітап оқымау, журнал ұстамау, газетке қарамау... қысқасы, қазақ елін кешелік пен надандыққа жығудың, яғни бұндай жүгенсіз азғындау мен рухани жұтаудың құрдымына қарай жеткізудің, мүгедектік шарықтаудың қасіреті – тәуелсіздікті жариялағаннан кейін басталған айтулы қасіреттеріміздің бірі екені бұлтартқысыз ақиқат. Өмірлік шындыққа текті кісілікпен тіке қарайтын уақыттың туғаны қай заман. Қаншама ащы болса шындығы – осы. Көреген көсемдікпен қасіреттің алдын алу мақсатында, қалыптасқан ұтқыр құндылықты ерекше мүдделікпен сақтап қалуды үйлестіре де, оздыра да алмадық. Ұр да жық ұранды жекешелендірудің кесірінен елді мекен, аудан орталығындағы көптеген мәдени ошақ – кітапханалар, оқырман залдары талан-таражға түсіп, түбегейлі жабылып тынды. Ендеше елдегі болып жатқан құбылыстың барысын жан-жақты терең талдаудан ажыраған ұлт, ұрпақтың

қандай таңдауы болуы мүмкін? Олай болса, кітапқа деген кешегі құмарлықты қайтсек қайта қалпына келтіреміз? Қазақ елі ұтқырлықпен жаңаша арттыра аламыз ба? Қашан? Қалай? Бұндай өзекті де өткір сұрақтардың жауабын күллі қоғам, мемлекет болып, хәм ұлт, халық болып талқылайтын көкейтесті ең өзекті мәселеге айналғаны қай заман. Бірақ...

Алайда бүгінгі жүгенсіз кеткен қоғамымыздың кітап орнына пайдаланып жүргендері – ұялы телефон, компьютер және ғаламтор, смартфон... негізгі оқу құралы болып отырғандығы белгілі. Әрине, айналысқа енген жаңа технология мен техникалардың жетістіктері қоғамға қажет те болар. Бірақ...

Бұл жердегі әңгіме олардың ешқандай сараптаусыз, бақылаусыз, шектеусіз күймен жүгенсіз кетіп, зиянды тұсының тамыры тереңдеп бара жатқандығы жайында болып отыр. Бұл ешкімнен де жасырын емес. Бұл тарихи факт. Осының кесірінен бұлардың адамзат баласына тигізіп отырған пайдасынан гөрі, керісінше, кесапатты зияндары әлдеқайда аса ауыр күйде екені ақиқат. Алды-артын тиянақты талдаусыз, болжаусыз, талғамсыз тек көзсіздікпен, бассыздықпен, ессіздікпен «өркениет» сияқтыға еліктеу, есіре құлшыну дертінің арты ауыр болатыны да даусыз. Айталық, ұрпақтарымыздың ой санасын жан-жақты улап, түрліше жағымсыз сәулелері денсаулыққа қатысты иммунитеттерді ұрлап, жүйке (нерв) талшықтарын талқандап, құлақ-көзден айырып, бойдағы табиғи қабілеттерін жалмап, мәңгүрттік қаулап... ақырында оларды теңдесі жоқ ұтқыр ұлттық дана жолдан қалай болған күнде де тайдыру, адастыру, азғындату, құрдымға жығудағы қатерлі қасіреттері анағұрлым басым күймен ушығып барады. Соның салдарынан ұлттық тарихымызда бұрын-соңды болып көрмеген қылмыс пен опасыздықтың түрлері көбейіп, күшейіп келеді. Ол ол ма, бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген өзі-өзіне қол жұмсаудың (суицидтің)



сан алуан түрі де, одан көз жұмған адамдардың саны да шектен тыс артып, рекордтық дәрежені жаңалай түсуде. Мысалы, өзі-өзіне қол жұмсап өлгені 2016 жылы 3962-ге жетті. Бұл тіркелгені. Тіркелмегені қаншама. Міне, бұлардың кесепатты ықпалы қоғамымызда күшеюіне байланысты елдің, қоғамның, һәм ұлттың, ұрпақтың жүгенсіз зардап шегушілігі де жылдан жылға артып келеді. Дана халқымыз «куырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, қазақ елі күрескерлікке жаппай қаулау үрдісімен тезірек түсуді ыждаһатты түрде қолға алмайтын болсақ, біздің көретін қасіреттеріміздің зоры әлі алда сияқты...

Біз, қазақ қауымы, әсіресе жастарымыз, тұрақты түрдегі кітап оқудан қалса, онда ойлау, талдау, болжау, таңдау тағылымдық пен танымдық қабілет-қасиеттеріміздің айтулы дәрежеде ақсайтыны, ой-өрісіміздің қалыптасу дәрежесі мен текті кісілік келбетіміздің ұтқырлығы төмендеуге жететіндігі айдан да анық ақиқат. Көкірегі соқыр, надан, кеше адамға өмірде жақсылықтың таңы атпайды. Жастар көргенін істейді. Айталық, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қайырымсыздық, қатыгездік, қанішерлік, анайылық, баскесерлік... атаулының бәрі шектен тыс етек жайып кетуі, міне – осыдан болса керек. Бұның сыртында отбасындағы өзекті әлеуметтік, тұрмыстық... мәселенің дер кезінде ұтқыр шешімін таппай және оқыту-ағарту саласындағы озық дәрежеде қалыптасқан ұтқыр жүйені құлатудан кейінгі пайда болған тұралату дертінен әлі күнге арыла алмай жатқандығымыз тағы бар.

Қалай дегенде, солай бола тұрғандығына қарамастан, ендігі жерде, қазіргі таңда компьютерлік техникаларға тәуелділік айрықша артқан тұста қоғамымызды кітап оқуға күштеу арқылы қызығушылығын арттыру, бұл – оңай шаруа емес. Себебі қоғамдық тізгіннен де, өмірлік ескектен де айырылып қалдық. Уақыттың өзі дәлелдеп отырғандай ұлттық шаңырақты ортасына түсіру оп-оңай, кейін

оны қайта қалпына келтіру, керегесін тіктеу, уығын нықтау ең қиын шаруа. Бұның бәрі сайып келгенде адамның өмірлік ізденімпаздыққа, талғампаздыққа, адамгершілікке деген құштар талпынысты, құлшынысты ниетін, бейнетқор еңбекқорлыққа деген қабілетін жоятын кесепатынан орын алып жатқандығы сөзсіз. Бұған қоса ұлттық рухани жұтау қасіреттерін арттыра түсетіні де даусыз. Сонымен бірге миллиондаған көрермені бар телеарналар мен жарнамалардың ұлтқа, ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты кереғарлықты жүгенсіздікпен жасап отырған қиянаттары өз алдына бір төбе. Бірақ қоғамды, ұрпақты қайткен күнде де жөнге түсіру, оларды сан алуан қаскүнемдіктің тырнағынан қорғау ауадай қажет шаруа. Ұлттық қауіпсіздігіміздің табантасы сонда ғана қапысыз қаланады емес пе?! Ендеше қоғамымызда мемлекет тарапынан бұларға қарсы тұра алатын батыл қадам, ұтқыр да озық шешімнің пәрменді ықпалы қажет. Қалай айтқан күнде де бұндай кезек күттірмейтін мемлекеттік стратегиялық өзекті мәселені қоғам, мемлекет, ұлт болып жұмылып, қолға алатын кезең әлдеқашан туғаны ақиқат.

Жапырақсыз қалса бұтақ – жетім,
Оқылмай қалса кітап – жетім.
Білімсіз болса ұрпақ – жетім,
Қорғаусыз болса ұлт – жетім.

Кеңестік дәуірде білмеген дүниенді тезірек білу үшін үйдегі бар кітапты ақтарып, онда болмаса кітапханаға барып іздейтін едік. Тауып алған соң жан-жақты терең зерделеп, санамызға шегелеп сіңіретін едік. Осындай ізденімпаз еңбектің арқасында ғана, өмірлік мүдделі ниет пен ынталы ықыласты еселей білудің арқасында ғана, ақырында бұрынғыдан да бетер тың серпінді серпіліспен өзімізді-өзіміз жетілдіруші де едік, қатардан оза да түсуші едік. Өмір болған соң әрқилы жағдайлар кездесіп тұрады ғой. Түрліше себеппен кітап оқи алмай қалсақ, құнды дүниенді ұрлатып алғандай



қуыстанып, әлде аса маңызды мүшеңді жоғалтып алғандай ыңғайсызданып, қоғамдық ортада да, білімді, білікті адамның қасында да өзінді кем дәрежеде тұрғандай сезіктеніп, күйзеліске түсетінбіз. Сол себептен де өзіміздің күнделікті өмірлік күйбелең тіршілігімізде орын алған осынау қателіктеріміз бен олқылықтарымыздың орындарын қайткенде де тезірек толықтыру мақсатында, бәсекелі жарысты жаңаша оздыра түсудің бағытында кітаптарды жанталасты күймен оқуға, қайткен күнде де ізденімпаз, білімді, сауатты адамдардан оза түсуге құлшынатынбыз. Өйткені ол кезеңде тамақ тоқ, уайым жоқ, ел жатса да, тұрса да жаппай кітап оқудың өнегесін оздырды. Әлемдік таңғажайып құбылыстарды игеруге жол ашты. Бұл өз кезегінде ғылымның құпиялы тұстарын айқындауға құлшындырды. Кітап миллионға жуық таралыммен шығып жатса да жетіспейтін. Сол себептен кітапты тапсырыс (подпис-ка) арқылы қолға түсіру үрдісі де орнықты. Кітап ұстаз болғандықтан естінің тәрбиесін жетілдіре түседі. Сөздің қысқасы, өмірлік рухани қоржыны аса бай әмбабап дәрежеде жүрген адам, өмірлік ұлы мұраттарға елден бұрын қолын жеткізіп, шыңына шығады. Ұзақ, ұтымды өмір сүреді. Міне, бұлардың бәрі сайып келгенде шын мәнінде ұтқыр күймен озық дәрежеде өмір сүре білудің мәні мен сәнінің де, мағынасы мен мазмұнының да ең айтулы көрсеткіші осы емес пе?! Шындығына келгенде дәл солай! Бұл – бір. Ерекше күйде ескеретін келесі екінші жағдай: ол өскелең ұрпақтарымызды ұлттық көрнекті тұлғаларымызбен, сан саладағы қайраткерлерімізбен мүмкіндігін қалай да тауып жиі кездестіріп отырудың ұтқыр үрдісін оздыра түсу, бұл – олардың кітап оқуға деген қызығушылығы мен құмартушылығын арттыра түсумен қоса, озық дәрежеде ұтқыр өмір сүре білуге деген, қоғамдық ортада тұлға бола білуге деген тың серпінді серпілістерін айрықша жандандыра түсетін ең ұтымды ұлттық асыл

дәстүрлеріміздің бірі екенін бірі білсе, көпшілік білмейтіні сөзсіз. Кеңестік кезеңде адамдар бір-біріне мейірімді, бауырмал, жанашыр, қамқоршыл болуға ұмтылатын, аңсайтын.

Ал қазақ халқы тәуелсіз ел атанған тұста, яғни қазіргі таңда бұндай ұтқыр құбылыстың дәстүрін де, текті кісілікпен үнемі жетілудің арқасында кемелденушіліктің үрдісін де кездестіруге қатысты түсінік-ұғымының өзі санамыздан бұлбұл ұшып, мұңға айналып, мүлде жоқ болу дертіне ұшырағандығы қандай өкінішті десеңізші. Ендігі жерде, ағымдағы уақыттың бәрінде қазақ баласы, не істемек керек?

Естеріңізде болсын, келешегім, Алаш баласы!

Кітапты құмарту арқылы құлшыныспен сүйсіне көп оқыған адамның көкірек көзі әрқашанда ояу, зейіні зерек, жүрісі сергек келеді. Озық дәрежеде өмір сүре білуге деген құштарлығының ұтымдылығы айнадай айқын әрі күндей жарық, абырой-беделі жоғары, мәртебелі мерейі биік, мінезі көркем, келбеті әсем, зиялы азаматтығы бекзат, талғампаз іскерлігі ұтқыр күйде келеді. Өмірлік таңдауы мен ұлттық мұраты асыл дәрежеде дамылсыз дами түседі. Кез келген ортада сөз сөйлеуге келгенде сөзшендігі мен ойшылдығы дара күйде болады. Сөз саптауға келгенде тілі жүйрік және шешендік шеберлігін кез келген ортада мойындата білуге келгенде шуақты нұрлы сәулесін үнемі айналасына шашумен ғана өмір сүреді. Сонымен қатар олардың өздерінің ұлқыздары мен немере-шөберелерінің ой сана-сына ұтқырлықпен құятын өмірлік өсиеттері мен баталарының тағылымдық құдіретінің ұлағаты орасан зор дәрежеде болады. Көп оқыған текті адамның рухани қоржыны ізденімпаз еңбекқорлықпен жинаған-терген гауһарлар мен інжу маржан түйіндерге толы болып, әмбебаптық дәрежеге жетеді. Қысқасы, кітапты заман талабына сай лайықты адам өмір сүру үшін оқу қажет. Әлемдік ұтқыр

Молдағали МАТҚАН. «*Кітап оқудан тыйылсақ,
ой ойлаудан да тыйыламыз*»



құндылықтар мен асылдарды дер кезінде игере отырып, ұлттық болмысымыздың ұтқырлығын жаңаша оздыра түсу үшін оқу қажет. Кітап – сарқылмайтын теңдесі жоқ алтын бұлақ. Кітапты түп нұсқадан оқудың ұтқырлығын ешбір техника да, технология да алмастыра алмайды. Көзіміз әбден жеткен мол дүние жайлы қазбалап айта берсек, кітап оқудан адамзат баласының алатын жан-жақты ләззаты мен құдіретті қуатында шектеулік жоқ. Болуы мүмкін де емес.

Біз, бәріміз де – қуат көзіміз. Есті де текті, көреген де кемеңгер басшының өзге мемлекеттер қазақ халқын көргенде таңғаларлық, үлгі-өнеге тұтарлық ұлағаты зор айтулы елі, оның кемел ұрпағы болуға міндетті. Сондықтан мемлекет, қоғам болып, һәм ұлт, халық болып, бір кісідей бір жұдырыққа жұмыла бірігіп, пәрменді күрескерлікті қаулатудың жобасын жедел түрде қолға алатын ең өзекті де, ең өткір де адамзаттық мәселе екенін айдай айшықтау еді. Сонымен қатар мақаланың негізгі көздегені осынау көкейтесті өткір мәселеге күллі елдің, ұлттың, мемлекеттің, қоғамның назарын аудару, ой салу, толғандыру, серіппедей серпінді серпіліске түсіру арқылы қоғамды, ұлтты, ұрпақты кемелдендіре білудің ұтқыр да ұтымды жолдарын (жобаларын) бірлесе табудың мақсатында баршаны жанқияр күрескерлікке шақыру болды.

XXI ғасырдың сахнасында мәңгілік елге айналу дегеніміз ең алдымен өмірлік күрескерлік белсенділігі орасан зор, жан-жақты сауатты, білімі мен біліктігі мол, мәдениеті мен іскерлігі жоғары, жаһандық бәсекеге қабілетті ұлт бола білу деген сөз. Ендеше елге, ұлтқа, ұрпаққа деген шын мәніндегі теңдесі жоқ жанашырлыққа толы ақ ниетіміздің өзі сөз жүзінде қалып қоймаса етті.



Редакция мекенжайы:
050009. Алматы қаласы.
Желтоқсан көшесі 175
Телефондар:
бас редактор – 272-48-51,
272-48-60
компьютер
бөлімі – 372-49-02

www.urker.kazgazeta.kz
E-mail: Urker_2010@mail.ru,

*Журнал Қазақстан Республи-
касы Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 06.04.2009 ж.
қайта тіркеліп, № 10017-ж
қуәлік алған. Айына бір рет
шығады.*

*Басуға қол қойылды:
28.08.2017 Қағазы офсеттік.
4,2 баспа табақ. Форматы
84x108/16. Таралымы . Тапсы-
рыс № . Бағасы келісімді.*

*Редакцияға түскен шығарма-
лар рецензияланбайды. Қолжазба
қайтарылмайды. Көшіріп басқан
жағдайда «Үркерге» сілтеме жа-
сау міндетті.*

*Жарияланған дүниелердегі де-
ректтердің нақтылығына автор-
лар жауап береді.*

*«Үркер» журналында жар-
ияланған материалдардың ав-
торлық құқы «Қазақ газеттері»
ЖШС-не тиесілі.*

*Журнал «Қазақ газеттері»
ЖШС-нің компьютер орта-
лығында теріліп, беттеліп,
«Алматы-Болашақ» АҚ-ның бас-
паханасында басылды. Алматы
қаласы, Мұқанов көшесі, 223«в».
Тел. 378-42-00, 378-36-46*

*«Үркер», №9 (109), қыркүйек
2017 ж.*

Мазмұны

Деңгелбай ТӨЛЕБАЕВ

Ең қымбат қазына – адам

Айкерім ҚИЫҚБАЙ

Менің құрбыларым.....3

Айгүл ЖҰМАДІЛ

Өлеңім, сенен өзге сая таппай,

Өзіңе айналып кеп тұрақтадым.....12

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ

Ернарын.....17

Сағат ӘШІМБАЕВ

«...әдебиет жалаң публицистика емес...».....28

Пакиза АРЫСТАН

Асыққан адам жол таппас.....33

Жанар ӘБДІШОВА

Қызыл шатырлы үй.....36

Молдағали МАТҚАН

Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйыламыз.....43